

Әділетті Қазақстан

Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Жаңа Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ПРЕЗИДЕНТ



ЕАЭО: КЕДЕРГІСІЗ САУДА-САТТЫҚ

2

● САЯСАТ



АҚШ – ҚЫТАЙ «ЖЫЛЫМЫҒЫ»: ДЕРЖАВАЛАР БӘСЕКЕСІ

5

● ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



БАТЫРДЫҢ КЕЛІНІ

6

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.05.2023

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

31.05.2023

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №66 (6359) 30 мамыр, сәуірсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

● ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

«JASYL EL»

Алматыда жастар жобасының жазғы маусымы ашылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «JASYL EL» жастар жобасының жазғы маусымы ашылды.

«JASYL EL» уақытша маусымдық жұмысқа орналасу жобасының мақсаты – студенттер мен жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту, сондай-ақ экологиялық және патриоттық тәрбиені насихаттау және достық қарым-қатынасты нығайту.

6

● ТАҒЗИМ

ОЛ КҮНДЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Шаһарда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қандай іс-шаралар өтеді?



31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні сағат 09.00-де Алматы ауданында Қарағайлы алаңында қала басшылығының, қоғам қайраткерлерінің, саяси қуғын-сүргін құрбандарының туыстарының және жастардың қатысуымен 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке салтанатты түрде гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.

4

● ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент 2 маусымда Қырғызстанда өтетін екінші «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммитіне қатысады.
- Сенаторлар 1 маусымда өтетін отырыстың күн тәртібін бекітті.
- Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата Алматыда көшпелі отырыс өткізді.
- Бүгін Үкімет отырысында азаматтық авиацияны дамыту мәселесі қаралады.
- Үкімет АИТВ инфекциясының алдын алу мен емдеудің кешенді шараларын қарайды.
- Fitch Қазақстан экономикасы 2024 жылы 4,8%-ға дейін өседі деп болжап отыр.
- Алматы дәрігерлері Атырауда отаның сирек түрлерін жасады.
- Елде биыл 280-нен астам инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр.
- Биыл елімізде Түркі мемлекеттері ұйымының 10-шы мерейтойлық саммиті өтеді.
- 2023 жылы 500-ге жуық кәсіптік стандарт әзірленіп, қайта қаралады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы Түркия Республикасының 100 жылдығы қарсаңында өткен президент сайлауындағы Режеп Тайип Ердоғанның айқын жеңісі оның Түркияны дамытуға қосқан зор үлесі мен қоғамдағы биік беделінің нәтижесі екенін атап өтті. Президент бауырлас екі мемлекеттің сан ғасырлық ортақ тарихы мен мәдениетінің тамыры тереңде жатқанын атап өтіп, Түркиямен арадағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды биыл күзде түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының 10-шы мерейтойлық саммитіне қатысуға шақырды. Өз кезегінде Түркия Президенті Мемлекет басшысына алғысын айтып, бауырлас Қазақстан халқының өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірді.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата Бюросының отырысында депутаттар осы аптада болатын іс-шараларды талқылап, 1 маусымда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Бейсенбі күні депутаттар «2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл Құжат Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге алып және ЕАЭО Кеден кодексі туралы шарттың ережелерін назарда ұстай отырып, Келісімнің бірқатар баптарына редакциялық және заңдық сипаттағы өзгерістер енгізуді көздейді. Сондай-ақ, Палатаның отырысында «1998 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісімге Қосымша келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады. Аталған заң мәдениетаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға арналған.

■ МӘЖІЛІС

Алматы қаласында депутат Айдос Сарымның жетекшілігімен Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Талқылау тақырыбы мүлік иелері бірлестіктерінің (МИБ) жұмысы туралы болды.

Отырыс басталар алдында Мәжіліс депутаттары бастаған Қоғамдық палата мүшелері «Самал-1» шағынауданының тұрғындарымен кездесті. «Бұл Палатаның алғашқы көшпелі отырысы. Біз бірден Алматыға барып, бұл мәселені қарастырамыз деп шештік. МИБ пен пәтер иелері кооперативін бір-бірінен ажыратқымыз келмейді, ортақ шешімге келуіміз керек. Қазір қоғамымыз ашық, пікірі де сан алуан. Қоғамдық палата өркеніетті, партияаралық және қоғамдық пікірталастардың тиімді алаңы», – деді Қоғамдық палата төрағасы. Жиын барысында қоғам өкілдері мен депутаттар мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) мен пәтер иелері кооперативі (ПИК) жұмысындағы маңызды мәселелерді талқылады. Қоғамдық палатаның төрағасы Айдос Сарым әрбір бастама мен ұсынылған барлық ұсынымдар мұқият қаралатынын атап өтті.

■ ҮКІМЕТ

Биыл Қазақстанда 1,9 трлн теңгеге 280-нен астам инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Әлихан Смайылов өткізген Инвестициялық штаб отырысында негізгі капиталға инвестициялар және тікелей шетелдік инвестициялар тарту барысы қаралды. Премьер-Министр Мемлекет басшысы Үкімет алдына 2029 жылға дейін \$150 млрд тікелей шетелдік инвестициялар тарту міндетін қойғанын атап өтті. «Биыл экономикаға кем дегенде \$24 млрд шетелдік капиталды тартуға тиіспіз. Министрлер мен әкімдер экономиканың басым секторларында шетелдік капиталдың қатысуымен жана әрі сапалы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қабылдауы керек», – деді Премьер-Министр.

■ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 1 шілдеден бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері 14,5%-ға ұлғайтылады. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкіметтің тиісті қаулысына қол қойды.

Еңбек ету қабілетінен айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдермен 92 мыңға жуық адам, асыраушысынан айырылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемдермен 61 мың отбасы қамтылады деп жоспарланып отыр. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады. Мемлекет азаматтардың табысын арттыру бойынша іс-шараларды тұрақты негізде қабылдап келе жатқанын айта кету керек. Мысалы, биыл 1 қаңтардан бастап республикадағы ең төменгі еңбекақы мөлшері 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көбейтілді. Бұл экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жалдамалы жұмыскер мен еңбек адамын қамтыды. Ең төменгі айлық көрсеткіші арқылы еңбекақы деңгейін белгілейтін ұйымдар біліктіліктің санат аралық жүйесін ескере отырып, өзге де санаттағы жұмысшылардың еңбекақысын өсіру жағына қарай қайта қарастырады. Биыл 4,4 млн адам алатын зейнетақы мен жәрдемақының барлық түрі қайта есептелді.

■ ТУРИЗМ

Туристтік маусымға дайындық және курорттық аймақтарды дамытудың проблемалық мәселелері талқыланған кеңес өтті.

Биыл ел ішінде демалуға шешім қабылдаған қазақстандықтардың саны 9 млн адамға жетуі мүмкін деп болжануда. Туризм саласының дамуына кедергі келтіретін проблемалық мәселелердің бірі – жолдардың сапасы. Кеңесте Алматы – Өскемен, Астана – Балқаш – Алматы, Қызылорда – Жезқазған автожолдарын жөндеуді тезірек аяқтау қажеттігі айтылды, бұл осы өңірлердің курорттық аймақтарына туристерді көбірек тартуға мүмкіндік береді. Алакөлдін әуе қатынасы бойынша қолжетімділігін арттыру үшін рейстердің жиілігін көбейтіп, тасымалдауға неғұрлым кең әуе кемелерін тарту тапсырылды. Бұл шаралар ұшақпен саяхаттайтын қазақстандықтардың санын едәуір арттырады деп күтілуде. Сондай-ақ, барлық теміржол бағытын сапалы жылжымалы құраммен қамтамасыз етуге маңыз берілді. Кеңес қорытындысы бойынша туристік маусымға сапалы дайындалу қажеттігіне, бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға баса назар аударылды.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

КЕДЕРГІСІЗ САУДА-САТТЫҚ

ЕАЭО экономикалық интеграциямен айналысуы керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен кездесу барысында ЕАЭО қызметінің басым бағыттары жөнінде пікірін білдірді. Бұл туралы Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлады.

Президент көктемгі егіс науқанымен танысып, егістік алқабын аралап көрді. «Қызылжар-Сүт» фермасының жұмысымен танысты. Солтүстік Қазақстан өңірінде мал шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін арттыруға мол мүмкіндік бар екенін атап өткен Мемлекет басшысы өндірістік жобаларға міндетті түрде қолдау көрсетілетінін айтты. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жеңілдікпен кредит беру өз тиімділігін көрсетті. Яғни қаржыландыру жағынан мәселе болмауға тиіс.

ОРТАҚ БАҒЫТ,
ОРТАҚ МҮДДЕ

«Жуырда Мәскеуде ЕАЭО Жоғары Кеңесінің отырысы өтті. Жиында, ең алдымен, өзара экономикалық іс-әрекет, интеграция, ынтымақтастық мәселелерімен айналысу қажеттігі туралы айтылдық. Сауда-саттық кедергісіз жүргізілуі керек. Біз бірыңғай тауар нарығын құруға бар күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Қазақстандық жүк тасымалдаушылар тауарды Ресей нарығына да, үшінші мемлекеттердің нарықтарына да кедергісіз және тиімді жеткізу үшін Ресей аумағындағы ішкі теміржол тарифтері қолжетімді болуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: ЕАЭО, ең алдымен, экономикалық интеграциямен, содан кейін басқа мәселелермен айналысуы керек. Жақында Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенко Қазақстанға одақтас мемлекетке кіруді ұсынды. Мен оның әзіліне лайықты баға бердім. Менің ойымша, бұған ешбір қажеттілік жоқ. Өйткені, басқа интеграциялық бірлестіктер, соның ішінде, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ бар. Менің ойымша, осы кең Еуразиялық аймақтағы немесе үлкен Еуразиядағы ынтымақтастық экономикалық бағыт бойынша дамуға тиіс, оған біз бәріміз мүдделіміз. Нақты ортақ нарық құру керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев аралап көрген қағаз өнімдерін шығаратын кәсіпорын жылына 5 мың тонна қағаз өнімін өндіре алады.

Құйылған инвестиция көлемі – 2,5 миллиард теңге. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жобаны субсидиялауға қаржы бөлінген. Қағаз өнімдері фабрикасы – көпсалалы «Радуга» компаниясына қарасты кәсіпорындардың бірі ғана. Жалпы аумағы 37,7 гектар болатын индустриялық кешенде бұған дейін халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік шығаратын бірнеше кәсіпорын ашылған. Қазіргі кезде өңір халқын жыл он екі ай көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін жылыжай құрылысы жүріп жатыр.

Президент елімізде «қарапайым заттар экономикасын» дамытуға және халық тұтынатын тауарлар түрлерін кеңейтуге ерекше мән берілетінін атап өтіп, кәсіпорын басшылығына сәттілік тіледі.

БІЛІМДЕ ШЕКАРА
БОЛМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне барып, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және жоғары оқу орнын одан әрі дамыту стратегиясымен танысты.

Университетте 6 мыңнан астам студент оқиды. Жақында жаңа оқу-зертхана корпусы іске қосылған. Онда студенттер мен оқытушылардың түрлі тәжірибелер және ғылыми зерттеулер жүргізуіне барынша жағдай жасалған.

Мемлекет басшысына ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалаудың технологиялық мүмкіндіктері таныстырылды. Сонымен қатар, Президент ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарына арналған лабораторияны аралап көрді. Онда студенттер ГИС-технология арқылы жерді қашықтан зондау деректеріне талдау жасауды үйренеді. Бұдан бөлек, Президентке конфигурациясы күрделі детальдар алу жөніндегі инновациялық әдістер, симуляциялық оқыту және практикалық дағдылар орталықтары көрсетілді.

Президент университет оқытушыларымен және студенттермен әңгімелесу барысында еліміздегі білім саласының сапасын арттыру маңызды екенін атап

өтті. «Мен бұл салаға ерекше мән беремін. Аталған мәселелердің бәріне басымдық береміз. Себебі, білім, білім мәдениеті болмаса, Қазақстан әрі қарай дами алмайды. Жақында біз Ғылым академиясына реформа жүргіздік, өте танымал әрі практик ғалымды президент етіп тағайындадық. Ғылым жөніндегі жоғары кеңестің бірінші отырысын өткіздім. Таяу арада сіздер де ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың қатарын толықтырып, мемлекетіміздің дамуына елеулі үлес қосасыздар деп санаймын. Мен жастарға сенемін. Біз жетекші университеттерді елімізде филиалдарын ашу үшін шақырып отырмыз... Мұның бәрі бізге пайдалы. Өйткені, білім халықаралық ынтымақтастыққа жол ашады. Білімде шекара болмайды. Қарыштап дамып кеткен елдер бар. Артта қалып қойған, бірақ озық мемлекеттерді қуып жетуге талпынатын елдер де бар. Сондықтан бұл саланың перспективасы зор. Қазақстан білім саласын дамыту үшін алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылады деп ойлаймын. Мен сіздерге үлкен үміт артамын, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының орталығында жаңадан бой көтерген Қазақ сазды-драма театрының ғимаратын аралап, «Мағжан» пьесасынан үзінді тамашалады. Қазақ әдебиетінің жарқын өкілі, ақын Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығын жоғары деңгейде атап өту қажет екенін айтты. Қызылжар өлкесінің зиялы қауым өкілдерімен және қоғам белсенділерімен елдің дамуы және өскелең ұрпақ тәрбиесі жөнінде пікір алмасты.

– Бірлігіміз – әралуандықта. Бұл – біздің ең басты ұранымыз әрі ұстанымымыз. Қазақ болсын, басқа ұлт болсын – бәріміз бір халықпыз. Сондықтан бәріміз халқымыздың, еліміздің өркендеуіне қызмет етуіміз керек. Баршаңызға бақ-береке тілеймін. Біз әрдайым бірге боламыз. Алға қарам басу үшін ауызбіршілігімізді, достығымыз бен тұрақтылығымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Әрине, елімізде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сипаттағы мәселелер бар. Проблемасыз ел болмайды. Тіпті, ең дамыған, бақуатты елдерде де проблема бар. Егер елде тәртіп болса, заң қатаң сақталса, көздеген нәтижеге қол жеткіземіз, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАҒАЙЫНДАУ

«АЛМАТЫ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ»
ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

«Алматы жылу желілері» ЖШС (АлЖЖ) бас директоры болып Алтай Рахымбетов тағайындалды.

Алтай Рахымбетов 1973 жылы туған.

Өскемен энергетикалық техникумын, Өскемен құрылыс-жол институтын жылумен, газбен жабдықтау, желдету, ауа бас-сейнін қорғау мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1995 жылы Алматы қалалық экология және биоресурстар басқармасының зертханалық-талдамалық бақылау бөлімінің бірінші санатты маманы ретінде бастаған.

Әр жылдары Алматы қаласы экология басқармасының, қоршаған ортаны қорғау басқармасының, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеді.



2015 жылдан 2018 жылға дейін Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі қызметін атқарды.

АлЖЖ-нің бас директоры қызметіне тағайындалғанға дейін Алматы қаласының Бостандық ауданының әкімі болып жұмыс істеді.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

АЗАПТЫ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған іс-шара өтті

Аманат партиясының Наурызбай аудандық филиалында өткен жиынға Наурызбай ауданынан сайланған мәслихат депутаттары мен Ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты. Жиналған қауым қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Тарихи, ерекше күндердің бірі. Ата-бабамыз көрген қиындықты көрмесек те, естіп, біліп өстік. Бірақ сол репрессия құр-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

бандарының сүйегі қайда қалғанын білмейміз. Көмілусіз қалды. Шын мәнінде, 1917–1953 жылдар аралығында 4,5 миллион қазақтан айырылды. 1918 жылғы санақ бойынша қазақ халқының

саны 6,5 миллион болған. Азапты жылдардың қасіреті ешқашан ұмытылмайды», – деді Наурызбай аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мәдениет Көркенов.

БРИФИНГ

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Ас қорыту аурулары әлем бойынша әлі де күн тәртібінде тұрған мәселе. Бұл кеселден болатын өлім-жітім көрсеткіші көңіл көншітпейді. Дұрыс күтінбесе, қатерлі ісікке шалдықтыратыны да дабыл қағарлық жағдай. Бұл туралы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас штаттан тыс гастроэнтерологы Бауыржан Ысқақов ӨКҚ алаңында өткен брифингте айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жыл сайын 29 мамырда Дүниежүзілік гастроэнтерологиялық ұйым «Сіздің ас қорыту денсаулығыңыз: сау ішек» тақырыбында ас қорыту күні науқанын өткізеді. Оған Қазақстан гастроэнтерологтарының қауымдастығы (оның құрамына Алматы қаласының көптеген танымал гастроэнтерологы кіреді) өкілдері де қатысты.

Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, ас қорыту жүйесі ауруларының ішінде диагнозын қою да, емдеу де қиынға тиетіні – ішектің қабыну аурулары, ойық жаралы колит және


Крон ауруы. 50% жағдайда олар колоректальды қатерлі ісікке айналады. Кейінгі жылдары бұл аурулар тым көбейіп барады. Тек Алматының өзінде ойық жаралы колитпен ауыратын 800-ге жуық науқас, ал Крон ауруымен ауыратын 300-ге жуық адам бар.

Аталмыш аурулар диареямен, ішектен қан кетумен, салмақ жоғалтумен, ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, минералдардың, дәрумендердің жоғалуы сияқты белгілермен сипатталады. Бұл аурулардың алдын алу үшін дұрыс тамақтану керек дейді маман. Атап айтсақ, көкөністер мен жемістер, дәнді дақылдар, бұршақ өнімдері, диеталық ет және пробиотикалық және пребиотикалық тағамдар, шөптер мен дәмдеуіштерді тұтынған пайдалы.



«Сұйықтықты, әсіресе суды жеткілікті мөлшерде ішу сау имундық жүйе үшін өте маңызды. Атап айтқанда, ол ішек қозғалысын реттеуге, іш қатудың алдын алуға және тағамның қорытылуына септігін тигізеді. Күніне кем дегенде 1,5 литр су ішуге тырысыңыз. Қантты сусындарды шектеңіз, себебі олар ішектегі пайдалы бактерияларды әлсіретеді. Алкогольді ішімдіктер ішек микробиомасының қабынуына әкелуі мүмкін», – деді спикер.

АКЦИЯ



Мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету. Кез келген азамат еліміздің заң қоғамдастығындағы ең үздік өкілдерден тегін қажетті кеңес алды.

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІ

Алматыда «Халық заңгері» жалпыреспубликалық науқаны өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2016 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан науқанда заң мамандары 3 мыңнан астам тұрғынға құқықтық көмек көрсетті. Олардың арасында белгілі адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, тергеушілер, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың басшылары және басқалары бар. Сондай-ақ, республикалық және жергілікті билік органдарының өкілдері де қабылдау жүргізді.

Акцияны ұйымдастырушылар – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, zakon.kz желілік басылымы, «Параграф» акпараттық жүйесі, мемлекеттік билік органдары және Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттары. 2016–2022 жылдар аралығында акция аясында 150 000-нан астам адам консультация алды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі бағыттарының бірі – халықты толғандыратын мәселелердің шешімін табу. Осыған байланысты бүгін еліміздің барлық өңірінде «Халық заңгері» науқаны жүргізілуде. «Caspian University» алаңында жиналған азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырып, толғандыратын сұрағына жауап беру үшін 55-тен астам білікті адвокат пен заңгер тегін заңгерлік көмек көрсетті. Сондай-ақ, 60-тан астам мемлекеттік органдардың басшысы да жұмылдырылды. Халықтың қойып жатқан сұрақтарының дені – білім, денсаулық, тұрғын үй және жер қатынастары саласында қойылып жатыр», – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары м.у.а. Қанат Сәлімбаев.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ



Алматыда бірнеше көше жылу желілерін жоспарлы қайта құрылымдауға байланысты жабылады.

29 мамырдан 30 тамызға дейін Алмалы ауданында – Бөгенбай батыр көшесінің солтүстігіне қарай Байтұрсынов көшесінен Наурызбай батыр көшесіне дейін аула ішілік аумақ бойынша.

31 мамырдан 1 тамызға дейін Жетісу ауданында – Расков көшесінен Есенов кө-

шесіне және одан әрі Колпаковский көшесімен №143 мектеп-лицей ғимаратына дейін.

1 маусым мен 30 тамыз аралығында Әуезов ауданында – Шалыпин көшесінің солтүстігіне қарай Момышұлы көшесінен Саин көшесіне дейінгі аула ішілік аумақ бойынша.

Енгізілген шектеулер аталған көше сегменттерінің жүріс бөлігінің астында өтетін құбырларды қайта құрылымдау бойынша жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

ЫСТЫҚ СУ БОЛМАЙДЫ

Алматы қаласының Жетісу, Медеу және Түркісіб аудандарының аумағында орналасқан бірқатар тұрғын үйде және өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС хабарлауынша, шектеулер «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Мәселен, төменде аталған мына көшелер мен тұрғын үйлердің алаптарында су болмайды: 5 маусымнан 9 маусымға дейін: Свердлов–Таштитов–Хабаровская–Орджоникидзе көшелері; 5 маусымнан 16



маусымға дейін: Лавренев–Донентаев–«Жұлдыз-2» шағынауданы (ішінара); 12 маусымнан 16 маусымға дейін: Сүйінбай-

Беляков–Казакпаев–Кожедуб көшелері; Кассин–Буденный–Бехтерев–Жұмабаев көшелері; Клара Цеткин–Қостанай–Спасская – «Нұрсая» шағынауданы; 12 маусымнан 23 маусымға дейін: Рихард Зорге–Чехов–Молдағалиев – Ақан сері көшелері; 19 маусымнан 23 маусымға дейін: Элеваторлық–Шелково–Сүйінбай даңғылы; Таласская–Кассин–Дулатов–Монтин көшелері; 26 маусымнан 30 маусымға дейін: Шахтинск–Демченко–Атбасар–Аяз би көшелері; Рысқұлов–Буровая–Құлжа трактісі–«Атырау-1» шағынауданы; Шекспир–Эйхен–Жайсан–Терешкова көшелері.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАЙҚАУ

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Білім, өнер және достық мерекесіне ұласты

«Медеу» туристік базасында қаламыздағы 16 жалпы білім беретін мектеп пен лицейдің 1600-дей оқушысы жас құтқарушылар жасағының жарысына қатысты. Командаларда ұлдармен қатар қыздар да бар.

Айнабай
МӘДИ

Финалдық жарысқа жас құтқарушылардың аудандық жасағының үздік жеңімпаз командалары іріктелді. Ұлдар мен қыздар дағды мен төтенше жағдай әрекеті кезінде барынша мінсіз қабілет-қарымын көрсетіп, пәрменді жаттығуларды сәтті орындады. Білім басқармасы дәстүрлі спорттық іс-шараны Төтенше жағдайлар департаментінің қолдауымен, «Алматы қаласының құтқару қызметімен» бірлесіп өткізді.

Сайыс бірнеше кезеңмен өтті. Жас құтқарушылар арнаулы техникалармен, құрал-жабдықтармен танысып, жауынгерлік дайындыққа жақын іс-әрекетке көшті. Жас талапкерлер зардап шегушілерге бастапқы медициналық көмек көрсету және оларды тасымалдау, судан аспалы көпір арқылы өту тәрізді тапсырмаларды барынша мұқият орында-



ды. Жарыс кезінде қатысушылар төтенше жағдайда (жер сілкінісі, өрт, т.б.) дұрыс әрекет етуді, физикалық және психологиялық дайындықта болуды үйренді.

«Таныстыру-визит карточкасы» атты бірінші сайыста Бостандық ауданының №189, № 51 мектептерінің жас құтқарушылары тамаша өнер көрсетіп, Жетісу ауданындағы №43 мектеп командасы үздік деп танылды. «Жас құтқарушы» байқауының қорытындысында жалпыкомандалық есепте жеңімпаздар анықтал-

ды: 1-орынды Наурызбай ауданының №157, 2-орынды Медеу ауданының №47, 3-орынды Түркісіб ауданы №59 жалпы білім беретін мектеп командалары иеленді.

«Жас құтқарушы» – бұл денсаулық, білім, өнер және достық мерекесі, – деп бағалады Алматы қаласының Білім басқармасы жас жорықшылар орталығының директоры Ринат Иганбердиев. Алматы қаласы білім басқармасының өкілі салтанатты түрде алғыс білдіріп, белсенді оқу-

шылар – жас құтқарушыларға грамота, естелік сыйлық, кубоктар табыс етті. Балалар дала асханасындағы тәтті-дәмдіден, мерекелік палаудан дәм татты.

«Жас құтқарушы» үйірмелері салауатты өмір салтын насихаттау, тәрбиелеу, қысылтаян жағдайда оңтайлы іс-әрекет ету дағдысын қалыптастыру мақсатында құрылған болатын. Қалалық жарыстың жеңімпаздары маусым-шілде айларында Көкшетау қаласындағы республикалық жарыста бағын сынайтын болады.

«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»

ЖАУЫНГЕРЛЕР
ДЕРЕГІ ТАБЫЛДЫ

Ұлы Отан соғысына аттанған 1,5 миллион қазақстандықтың 270 мыңы хабар-ошарсыз кеткен. Арада талай жыл өтсе де, атасының дерегін, жерленген жерін іздеп жүрген ұрпақ аз емес. Иә, іздеушісі, сұраушысы жоқ адам болмайды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Елімізде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жоғалып кеткен қазақстандық сарбаздардың жерленген орындарын анықтап, мұрағаттық-ізвестіру жұмыстарымен жүйелі айналысатын әрі олардың тарихи қаһармандық жолын ұрпақ жадында мәңгі қалдыру мақсатында құрылған «Атамның аманаты» деген қоғамдық бірлестік бар. Талай іс тындырды. Мәселен, төрт жылдың ішінде 1000-нан астам жауынгердің дерегін тапты, 9 майдангер сүйегінің елге әкеліп, жерленуіне дәнекер болды. Жұмыс әлі жалғасуда.

Жуырда «Атамның аманатындағы» волонтерлар тағы да тың деректер тапты. Дәлірек айтсақ, 1943 жылы қаза болған, жерленген жері белгілі 78 жауынгердің тізімін нақтылады. Олардың біреуінің аты-жөнін келтірер болсақ, Асовбаев Сеучан (Асаубаев Сейтжан) Жамбыл облысы; Жакубов Урастен, ОҚО, Түркістан; Абзалов Кугад, ОҚО; Байнаманов Сачатбек, Жамбыл облысы; Жусумбетов Жумат, Семей облысы; Косембаев Абдулай, ШҚО, Тарбағатай ауданы; Калиев Шатан, Семей облысы; Бешеш Калинин, СҚО, Айыртау ауданы; Кельбеков Сембай, Қарағанды облысы; Истелев Кавай, Гурьев облысы; Чухмаитов Байжула, ШҚО, Зайсан ауданы; Кожембеков Каумбай, Алматы облысы; Кеген ауданы; Арубаев Авдижан, Семей облысы, Белағаш ауданы; Насамбаев Тукси, Алматы облысы; Касимов Ашин, Алматы облысы, Жаркент ауданы; Насымбаев Рапай, ОҚО, Бостандық ауданы; Кемпаров Сахан, ШҚО, «Красный Зайсан» колхозы; Уйсумбаев Шонсе, Алматы облысы, Шелек ауданы, Каганович колхозы; Жангереев (Оброй?), Акмола облысы; Сартбулаев (Каралкий?), Алматы облысы, Сарқан ауданы; Шагиев Тулеген, Алматы облысы, Ақсу ауданы, «Еңбек» колхозы.

Осы орайда айта кетейік, жауынгерлердің аты-жөні мұрағат құжатында қате жазылған болуы мүмкін. Өзге де ақпараттар туралы толығырақ білгіңіз келсе, 8 778 480 73 57 нөміріне, Айгүл атты волонтерға хабарлассаныз болады.

ТҰСАУКЕСЕР

ТАРИХИ ДАСТАН



Алматыдағы Ұлттық кітапханада би-болыстың саяси-қайраткерлік өміріне құрылған көрнекті ғалым, зерттеуші, ақын, ұстаз, бидің тұқымы, ардақты ағам Сағатбек Медеубекұлының «Оразай» атты тарихи дастанының тұсаукесері өтті. Шығарма архивтік материалдар негізінде жазылған.

Аққа бағынбай, қызылға табынбай, тау-таста тасырқаған жұртының тағдыр көшін бастаған бабамыз 1927 жылы үркіннің алдында Екіаша жайлауында 61 жасында дүние салды, кесенесі осы жайлауда жатыр.

1928 жылдың жазында Ораз Жандосов бастаған аймақ басшылары сол кезеңдегі бүкіл игі жақсыларды жинап, Екіаша жайлауында Оразай болыстың жылдық асын берген, бұл үркіннің алдындағы осы өңірде өткен ең үлкен ас. Асқа дейін әйгілі ақын Көдек Маралбай жыл бойы арнайы болыс ауылына келіп дауыс (жөктау) салып тұрған. 23 көтермеден тұратын өлеңге құрылған жөктауы ішінара Көдек ақынның шығармалар жинағына енген.

Тұсаукесер рәсімі мен ғылыми негізге құрылған әдеби сазды кештің тізгінін белгілі радиожурналист Бақыт Жағыпарұлы ұстады.

Рухани жиынға Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, көрнекті қаламгер Нұржан Қуантайұлы, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Нұрәулет Ақыш бастаған ғалымдар, «Балдырған» журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов, «Ана тілі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Қарағөз Сімәділ бастаған журналистер, Ұйғыр ауданы мәслихатының төрағасы Нұрәкім Есжан, т.б. ақын-жазушылар қатысты.

– Бұл кітапты шығару көптен ойда жүрген еді. Соның сәті осы кезге орайласқан екен. Халыққа қадірлі, елге белгілі тұлғаларымызды ұлықтау парыз. Оразбай бабамыздың өнегелі істері жас ұрпаққа үлгі болары анық, – деді филология ғылымының кандидаты Сағатбек Медеубек.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ТАҒЫМ

ОЛ КҮНДЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Шаһарда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қандай іс-шаралар өтеді?

(Басы 1-бетте)

Гүл қою рәсімі қаланың басқа да аудандарында жоспарланған:

– **ӘУЕЗОВ ауданында** Т.Рысқұлов ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі – 31 мамыр күні сағат 10.00-де Жандосов көшесі, 55 мекенжайындағы «Нархоз» университетінің алдындағы гүлзарда өтеді;

– **АЛМАЛЫ ауданында** М.Тынышбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі – 30 мамырда сағат 09.30-да Шевченко көшесі, 97 мекенжайында, Т.Жүргенов ескерткішіне – 31 мамырда сағат 09.00-де Панфилов көшесі, 127 мекенжайында және А.Байтұрсынов ескерткішіне – 31 мамырда сағат 10.30-да Байтұрсынов көшесі, 60 мекенжайында өтеді;

– **АЛАТАУ ауданында** «Қандысай жазығы» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі – 31 мамыр күні сағат 10.00-де «Қарасу» ықшамауданы, Центральная көшесі, 37 мекенжайында өтеді;

– **БОСТАНДЫҚ ауданында** О.Жандосов ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі – 31 мамырда сағат 10.00-де Жандосов көшесі, Гагарин даңғылының қиылысында өтеді.

– **МЕДЕУ ауданында** Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихқа тағзым» концерті – 31 мамыр күні сағат 19.00-де Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ғимаратында өтеді.

Нұр ЖАМАЛ.



САРАПТАМА

ТҮРКИЯДАҒЫ САЙЛАУ:

Ердоғанның үшінші онжылдықтағы билік дәуірі

28 мамыр күні Түркиядағы президент сайлауының екінші кезеңі өтті. Жоғары сайлау кеңесі қазіргі президент Режеп Тайып Ердоғанның жеңіске жеткенін мәлімдеді. Нәтижесінде алдағы бес жылдағы түрік жұртының билік тізгіні Әділет және даму партиясының төрағасы Ердоғанның қолында қалды. Ол қарсыласы Кемал Кылычдароглы 4 пайыздан аса дауыс басымдығымен жеңген.



Сонымен, Түркия елінде Режеп Тайып Ердоғанның үшінші онжылдықтағы билік дәуірі басталды.

Дауыс беру құқығына ие Түркия азаматтары бұл сайлауда да белсенділік танытты. Жоғары сайлау кеңесінің мәлімдеуінше, саяси науқанға сайлаушылардың 85 пайызы қатысқан. 99,43 пайыз бюллетеньдерді санау қорытындысынан кейін ӘДП төрағасы, іс басындағы президент Ердоған 52,14 пайыз, Республикалық халық партиясының лидері, әрі оппозициялық альянстың ортақ кандидаты Кемал Кылычдароглы 47,86 пайыз дауыс жинағаны мәлім болды. Бұл Ердоғанның өз қарсыласынан 2 миллионнан аса дауысты артық жинағанын көрсетеді.

Түркияның Жоғары сайлау кеңесінің алғашқы қорытындысынан кейін Ердоған: «Сайлауда Түркия жеңіске жетті, – деді, әрі, – Алдағы бес жылда елді қайтадан басқаруды сеніп тапсырғаны үшін еліміздің әрбір мүшесіне алғыс айтамын», – деген мәлімдемесін жасады. Ал Кылычдароглы кезекті сайлауды «соңғы жылдардағы ең әділетсіз сайлау» деп бағалады. Сондай-ақ, Түркияда демократия үшін күресті жалғастыруға уәде берді.

Дауыс берудің қорытынды нәтижесі әлі жарияланбады. Бірақ қадағалаушылар қалған 0,53 пайыз дауыс қазіргі нәтижеге үлкен өзгеріс әкелмейтінін айтады. Көріп отырғанымыздай, Ердоған сайлауда жеңіске жеткенімен оған қарсы дауыс берушілердің саны да ел азаматтарының ауқымды бөлігін иеленді. Бұның өзі елдегі саяси бөліністің жоғары деңгейде екенін аңғартып отыр. Сайлау нәтижесі 20 жылдан бері билік тізгінін ұстап келе жатқан Ердоғанның үшінші онжылдықтағы билік дәуірінің басталғанын білдіреді. Осыған байланысты сын-пікір де көптеп айтылуда. Оның саясатын сынаушылар жағынан «Демократияға нұқсан келтірді, өзін сынаушыларды қамауға алды және билікті орталықтандырды» дейтін айыптар жиі айтылады. Кезекті сайлауда ол

«ұлтшылдық қартасын ойнау арқылы жеңіске жетті» деп сынап жатқандар да жоқ емес.

Ал Ердоған билігін қолдаушылардың да өз уәждері бар. Түркияның батыстық одақтастарымен күрделі қарым-қатынастарында, сондай-ақ, Сирия мен Украина секілді көрші елдердегі қауіпті сынақтарда елге күшті көшбасшы керек деп санайды. Сайлау алдындағы агитациялық жұмыстарында Ердоған командасы осы көзқарасты өз жақтастарына мықтап сіңіре алғанын көреміз. Тіпті, президент Ердоған да оппозициялық кандидатты «Терроризмге қарсы тым жұмсақ» саясаткер ретінде сынағаны бар. Оның жақтаушылары Республикалық халық партиясының лидерін және оппозициялық альянсты Түркия мүддесін батыстық державаларға жығып береді дейтін көзқарастары да әлеуметтік желіден жиі кездеседі.

Режеп Тайып Ердоған билігі кезінде Түркия сыртқы саясатта ырықтылық таныта түскені мәлім. Батысқа, әсіресе, шекаралас жатқан ЕО елдері үшін Ердоған «ынғайлы» тұлға саналмайды. Бұл Жерорта теңізіндегі табиғи газды өндіру бойынша Италиямен болған бәсекеде, таласты аралдар мәселесінде Грекиямен текетіreste және босқындар ісі бойынша Еуроодақпен болған кірбеңдіктерде анық байқалды. Оның үстіне, Еуропа елдері консервативтік бағыттағы саясаткердің Түркияны діни мемлекетке айналдырып жіберуінен алаңдайды. Керісінше, Таяу-Шығыс қақпасы саналатын Анадолы түбегі ашық, демократиялы жұрт ретінде сақталып қалуын қалайды. Ал Украинадағы соғыста НАТО-дағы одақтастары мен Батыс елдерінің үміті ақталмай қалғаны тағы бар. Олар Түркияның түбегейлі Украинаны қолдаушы ретінде тұруын үміт еткен, бірақ Ердоған Путинмен қарым-қатынасты бұрыңғыша сақтап қалды.

Өрине, Анкара билігі ауысып жатқан күннің өзінде Түркияның сыртқы саясатында үлкен өзгерістер болмайтынын бұған дейін сала эксперттері айтып кеткен болатын. Дегенмен, Кылычдароглының сайлауды бағдарламасы мен кейбір мәлімдемелеріне байланысты алаңдаушылық та болды. Түркия билігінде Ердоғанның қалуы түркі елдерімен, соның ішінде Орта Азиядағы елдермен ынтымақтастық байланыстардың үрдісі дәстүрге сай сақталып қалатынынан дерек береді. Осы орайда «президент Ердоған ендігі жерде ішкі және сыртқы саясатта қай бағытқа басымдық беруі мүмкін?» деген сұрақты халықаралық қатынастар маманы Айнұр Ноғаева ханымға қойып көрген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнұр НОҒАЕВА, Түркиядағы Бинали Йылдырым университетінің қауымдастырылған профессоры:

«ТҮРКИЯ ҒАСЫРЫ БАСТАЛДЫ»

Режеп Тайып Ердоған сайлаудан кейінгі мәлімдемесінде өзін қолдаушылардың ғана емес, тұтас елдің президенті екенін және «Түркия ғасыры басталғанын» жеткізді. Бұған қарап, сыртқы саясатта қазірге дейін ұстанып келген көпвекторлы саясатын жалғастыра беретінін болжаймыз. Әрі елдің әл-ауқатын арттыруға мән береді деп ойлаймын. Әсіресе, қауіпсіздік-әскери экономикалық, технологиялық салаларын дамытуға күш салады. Қазақстан және өзге түркі мемлекеттеріне бұл жеңіс өте тиімді, себебі көп тұрғыдан, әсіресе осы технология трансферті, т.б. мүмкіндіктерді біз де тиімді пайдалануымыз керек.



АҚШ – ҚЫТАЙ «ЖЫЛЫМЫҒЫ»:

ДЕРЖАВАЛАР БӘСЕКЕСІ

Қазақстан мен аймаққа қалай әсер етеді?

Өткен аптада Қытайдың АҚШ-тағы жаңа елшісі өз қызметіне кірісті. Ұзақ үзілістен кейін, Бейжіңнің Құрама Штаттардағы дипломатиялық іс-қимылдары қайта жанданды. Ал содан бірер күн бұрын, президент Байден Жапонияда тұрып АҚШ – Қытай қарым-қатынасында «көп ұзамай жылымық болады» деген еді. Бұндай сәйкестік шетелдік БАҚ пен сарапшылардың назарын аудармай қалған жоқ. Бұл біздің тарапымыздан да көңіл бұратын мәселе. Себебі, АҚШ – Қытай қатынасы Қазақстан мен Орта Азияға кейде тікелей, кейде жанамалай әсер етеді.

ҚАЙШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАРЫ – КӨШБАСШЫЛЫҚ ОРЫНДА

Трампп кезіндегі сауда соғысынан тартып, АҚШ – Қытай қарым-қатынасы тұрақты түрде нашарлап келді. Тұрасында, қайшылық бұдан әлдеқайда ерте кезеңнен тамыр алған. Келіспеушілік тек сауда қатынастарынан ғана емес, зияткерлік меншік құқығының қорғалуы, ашық экономика, адам құқығы және демократия принциптеріне қатысты ұстанымдарда да көрініс тапты. Оңтүстік Қытай теңізіндегі территориялық даулар, Гонконгтағы құқықтық өзгерістер, Тибет және Шыңжаң мәселелерінде ұстанымның алшақтығы Вашингтон мен Бейжіңнің қайшылығын еселей берді. Айналып келгенде, қайшылық астарында АҚШ пен Қытайдың жаһандық көшбасшылыққа таласы жатты. Қос тарап та халықаралық қатынастардың ережесін өз мүддесіне бейімдеуге деген державалық мақсаттан бас тарта алмады.

Соңғы жағдайларға келер болсақ, екі ел ортасында «нәзік тақырып» делінетін Тайвань мәселесі соғыстың қауіпті білтесі ретінде аталып тұрған шақта, әлемді дүрліктірген «бақылау шары» оқиғасы отқа май құйғандай болды. Бұл тұста көптеген сарапшылар АҚШ пен Қытай қақтығыстың қауіпті қызыл сызығына қарай сырғып барады десті. Украинадағы соғысқа байланысты Бағыстың Қытайға артқан үміті ақталмайтын белгілі болды. Керісінше, Бейжіңнің Мәскеумен қарым-қатынасы дамып, Вашингтонмен диалогтары нәтижесіз күйде қалды. Бұндай картинаны қарап, әлемнің бірінші және екінші экономикасына ие елдер арасындағы дипломатиялық байланыстарды қалпына келтіруге жол қалмағандай көрінген.

Дәл осындай жағдайдағы КХР мен АҚШ қатынасын түрлі сарапшылар түрліше бағалады. Айталық, АҚШ Мемдепартаментінің Саясатты жоспарлау бөлімінің бұ-

рынғы мүшесі Роберт Мэннинг жақындағы бір сұхбатында: «АҚШ пен Қытай қарым-қатынасы біртіндеп «өлім спираль»-ына түсіп барады, сондықтан да екі тарап барынша белсенді жұмыс істеп жатыр, себебі, жағдайдың бақылаудан шығып кетуін екі жақ та қаламайды», – деген пікірін жеткізген екен.

Міне, осы кезде Қытайдың диалогқа қарай қадам жасауы және Байденнің мәлімдемесі «жылымық» көрінісін елестетті. Ал Қытайдың 4 айдай бос тұрған АҚШ-тағы елшісінің орнына жаңа тұлғаның келуі де бұл картинаның бояуын қалындата түсті.

ЖАҢА ЕЛШІ «ЖЫЛЫМЫҚ» АЛЫП КЕЛДІ МЕ?

Қытай тағайындаған жаңа елші Сие Фэн (Xie Feng) өзінің дипломатиялық қызметін бастау үшін өткен сейсенбіде АҚШ-қа барды. Нью-Йорктегі Джон Кеннеди халықаралық әуежайынан түсе сала, оны америкалық БАҚ өкілдері сұрақтың астынан алды. Сондағы қысқа жауаптарында Сие Фэн қазіргі Қытай – АҚШ қарым-қатынасы күрделі қиындықтарға тап болғанын мойындады және өзінің екі ел арасындағы алмасу мен ынтымақтастықты арттыруға күш салу үшін келгенін мәлімдеді.

Құрама Штаттар тарабы да Сие Фэннің елші болып келуін құптады. Мем. департамент бұған қатысты тек позитивті мәлімдемелер жасады. Мысалы, аталған департамент өкілі Мэттью Миллер өзінің ресми мәлімдемесінде: «Біз тағайындалған елшімен, оның командасымен жұмыс істеуді асыға күтеміз. Бұған дейін де айтқан едік, бәсекелестікке жауапкершілікпен қарауды жалғастыра береміз», – деген болатын.

АҚШ – ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ БІЗГЕ ЫҚПАЛЫ ҚАНДАЙ?

Кейінгі он жылда АҚШ Үнді-Тынық мұхиты аймағын тұтастай бір геосаяси аймақ ретінде қарас-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Өмірбек ҚАНАЙ, Алматыдағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Үнді-Тынық мұхит аймағы бойынша сарапшы:

«АҚШ пен Қытай қарым-қатынасы бір елшіге немесе қандай да бір кішігірім оқиғаға байланысты үлкен өзгерістерге ұшырай қоймайды. Өйткені, бұл арада екі елдің сыртқы саяси-стратегиялық бағыттарына қарау керек. Әсіресе, Америка кейінгі кездері Үнді-Тынық мұхитына барынша назар аударып отыр. Бұрынғы келісімдердің сыртында AUKUS деп аталатын жаңа экономикалық ынтымақтастық платформасы қалыптасты. Олардың бұл ауқымды аймақтағы саясаты өзгере қоймайды. Басты мақсаты осы аймақтағы елдермен экономикалық, саяси және әскери ынтымақтастықты барынша дамыта отырып, Қытайдың Үнді-Тынық мұхит аймағындағы геосаяси және геоэкономикалық ықпалын кеңейту саясатына қарсы тосқауыл қою. Міне, бұған қарағанда елшілердің келуі, министрлердің кездесуі секілді қысқа мерзімді жылымықтар болуы мүмкін, бірақ түбегейлі оң бағытқа қарай өзгереді деп айту қиын. Бұл ретте Қытайдың қандай талпынысы бар, соған да назар салып қарау керек.

Ал Үнді-Тынық мұхитындағы сауда, энергетика жолдарының қысылуы, міндетті түрде, Қытайдың Қазақстан, Орта Азия арқылы өтетін тасымал дәліздеріне деген қажеттілігін арттырады. Пәкістан арқылы Парсы шығанағына шығатын дәлізі әлі жүзеге аса қойған жоқ, Малакка бұғазына Мьянма арқылы өте алатын жаңа жобасы ондағы әскери төңкеріске байланысты қауіпке тап болды. Ресей–Украина соғысы да Қытайдың Еуропаға сауда жолын буып отыр. Осының бәрі Еуропамен болған тауар тасымалында Орта Азияға көбірек көңіл бөлуге итермелеп отыр», – дейді эксперт.

Бұдан бөлек, ол алпауыт елдердің арасындағы сауда-экономикалық қайшылықтың бізге тікелей әсері етуі сауда соғысы кезінде анық көрінгенін алға тартады. «АҚШ-тан Қытайға экспортталатын ауылшаруашылық өнімдеріне тарифтер күшейген кезде, бұл өнімдерді Орта Азия елдерінің Қытайға экспорттауы күшейген болатын. Бұл ұзақ уақытқа жалғаса ма, жоқ па, оған бірде-не деу қиын. Бірақ осындай мүмкіндіктерді аймақ елдері барынша пайдаланып қалуы керек. Америка – Қытай сауда соғысы кезінде бұл орайды Өзбекстан жақсы пайдаланды. Өзбек тарапының Қытайға бағыттаған ауылшаруашылық дақылдары мен көкөніс, жеміс-жидектерінің көлемі зор көлемде артты. Керісінше, Қазақстан бұл мүмкіндікті жеткілікті деңгейде пайдалана алмады.

тыруды түбегейлі орнықтырды. Бұл тәжірибені Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Германиядан алғанын білеміз. АҚШ пен Қытай сынды екі держава арасындағы қайшылыққа толы қарым-қатынастар міне, осы аймақта болып жатыр. Бір қарағанда бізге алыс аймақтағы жағдайдың Қазақстан мен Орта Азияға қатысы жоқтай көрінеді. Шындап келсек, мүлде олай емес. Қытайдың соңғы кездегі Орта Азияға экономикалық және саяси қатысуының белсенді бола түсуі тікелей аталған алып аймақтағы бәсекелестіктің нәтижесі.

Олай дейтініміз, Қытай өзінің шығыс және оңтүстік бағыттарында сыртқы әлеммен қатысу бойынша үлкен қиындықтарға тап болды. Оңтүстік Қытай теңізі аумағындағы территориялық дау-шарлар, АҚШ-тың осы даулы мәселеге қатысты елдермен орнатқан ынтымақтастығы ондағы Қытайдың түрлі саладағы іс-қимылдарына тосқауыл қойды. Аймақтағы АҚШ, Британия, Жапония, Аустралия секілді ірі күштердің ортақ қадамдары алып аймақтағы Бейжіңнің ықпал көлеміне тұсау бола алды. Өзінің импорт және экспорт жолдарының, әсіресе энергетика мен тауар тасымал жолдарының кедергіге ұшырауы Қытайды құрлық арқылы балама қауіпсіз жол табуға итермеледі. Міне, осы арада АҚШ – Қытай қатынасының Орта Азия мен Қазақстанға тікелей ықпалы қандай? Жалпы, осы сараптамада тұжырымдалған мәселелерге қарағанда, Бейжің мен Вашингтон өзара қарым-қатынастағы қайшылықты оң бағытқа ауыстырып, диалог арқылы селкеу түскен сенімді қайта орнына келтіретіндей болып көрінеді. Шын мәнінде солай ма? Байденнің мәлімдемесі, Қытайдың позитивті қадамдары және елшінің тағайындалуы АҚШ – Қытай арасындағы мұзды еріте ала ма? Біз бұл сауалдарды отандық сарапшыларға қойып көрдік.

Сарапшы дәл қазіргі АҚШ–Қытай қарым-қатынасының жиі қоятын түрі жоқ деп санайды. Бірақ эксперт бір түйінге баса назар аударуға шақырады. Айталық, Қытай тарапынан Ресейдің Украинадағы әрекеті агрессия қатарында бағалануы Бейжің–Вашингтон ортасындағы келісімге жол ашуы ықтимал. Ресейге қарсы санкциялық қысымдардың тиімділігі үшін АҚШ пен Еуропа елдері Қытайдан Ресейге қолдау көрсетпеуін күтеді. Бұл жағынан Бейжің шегіністі қадам жасап жатса, онда қарым-қатынастардың тұрақталуына негіз бар деген ойымен бөліседі. Расында да, АҚШ пен Қытай арасындағы қарама-қайшылықтар дипломатиялық, саяси салқындық қана емес. Екі мемлекет түбірлі ұлттық мүддесі ретінде қарастырған мәселелерде бәсекелестік орын алған. Геоэкономикалық, геосаяси және жаңа технологиядағы бұл қызу бәсеке ондаған жылдарға созылатын «Жаңа қырғиқабақ соғысына» алып келуі де бек мүмкін. Тіпті, бұл үрдіс әлдеқашан басталып кеткен де болар деген болжам бар.

Сонымен, алып экономикаға ие екі елдің қайшылықты қатынасы біздің еліміз бен аймаққа ықпал етіп жатқанына көз жұма алмаймыз. Бұл тиісінше қоғамдағы көзіқарақты жұртқа АҚШ – Қытай қатынасына ұдайы сергек қапер таныту міндетін жүктеп отыр. Дегенмен, бұл арада Қытайдың аймаққа қаратқан дербес стратегиясының бар екені ескерілуге тиіс.



Естай БОЖАН, сарапшы.



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

БАТЫРДЫҢ КЕЛІНІ

Зейнеп Ахметова алматылықтармен рухани кездесу өткізді

Қазақтың салт-дәстүрін насихаттап, бабалар аманатын бүтінгі ұрпаққа жеткізуде өлшеусіз еңбек етіп жүрген адамдарды түткендей бастасақ, бірден ойымызға Зейнеп Ахметованың есімі орала қалады. Халқымыздың Бауыржан Момышұлындай батырына келін болған аяулы апамыздың өскелең ұрпаққа берер өнегесі мол. Бірақ осы уақытқа дейін Зейнеп Ахметова Алматы қаласының тұрғындарымен кең ауқымдағы кездесу өткізбеген екен. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Көптен күткен кездесу» тақырыбында Зейнеп Ахметовамен кездесу ұйымдастырылды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасы мен «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдас-



тырған іс-шарада Зейнеп Ахметова ұлттық тәрбие, рухани құндылық, салт-дәстүр, ене мен келін арасындағы сыйластық, бала тәрбиесі туралы өзінің өмірден түйген тәжірибесінен кеңінен әңгімеледі. Сондай-ақ, Зейнеп апа қалам мен қаруды қатар ұстаған батыр баба Бауыржан Момышұлының өмірі, оның өсиеттері мен есте қаларлық қызықты оқиғаларымен бөлісті. «Атамның арқасында бүгінгі дәрежеге жетіп, ел ішінде еркелеп жүрмін» деп өзінің кішіпейлдігін білдірген Зейнеп апай барлық мақтау-мадақ өзіне емес, батыр атамызға айтылды деп қабылдайтынын айтты.

«Адырна» ұлттық этнографиялық бірлестігінің жетекшісі Арман Әубәкірдің айтуынша, Зейнеп апа-

мыз осы уақытқа дейін шағын ғана орталарда, оқу орындарында студенттермен кездескені болмаса, қала жұртшылығымен көлемді кездесу өткізбеген.

«Зейнеп апамыз басқалар секілді мерейтойларын да дүркіретіп тойламайды, кітаптарының тұсаукесерін де салтанатты түрде өткізбейді. Сондықтан бұл кездесуді жұрттың күткені рас. Өйткені, бұл кісінің елге айтары бар. Ұлттық, рухани дүниелерге сусаған халық Зейнеп Ахметовамен кездесіп, көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алды, есті әңгіме тыңдады. Біздің негізгі мақсатымыз да осы, Зейнеп апамызмен кездесуге ниетті жұртшылықтың басын қосып, әдемі рухани кеш ұйымдастыру. Біздің бастамамызға қолдау білдірген қала басшылығына, Арман Қырықбайұлына, Ғани Майлыбаевқа, Арман Қалыбековке рахмет айтамыз», – деді Арман Әубәкір.

Осы уақытқа дейін жазушының «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Күретауы» атты кітаптары жарық көрген. Зейнеп Ахметова өзінің әр кездесуінде, кітаптарында ұлттық салт-дәстүр, ұлттық идеология, ұлттық тәрбие, қазақы ырымдар, отбасылық құндылықтар туралы тереңінен сөз қозғайды. Бұл жолы да кездесу барысында апамыз өте салиқалы әңгіме айтты. Мәңгілік тақырыптарға қалам тербеп жүрген этнограф-жазушы апамыз қазақтың қазіргі келіндері мен ата-енелеріне айтқан кеңестері, бала тәрбиесі жайлы негізгі қағидалары, жалпы айтып жүрген жөн-жоралғыларының халыққа пайдасы зор. Сондай-ақ, ол қазіргі заман

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЗЕЙНЕП АПАЙДЫҢ ЗЕЙІНДІ ОЙЛАРЫ

...Анасыз ұрпақ болмайды, адамзат өсіп-өнбейді. Алып та, ақын да, батыр да, данышпан да анадан туады. «Ананың алдында асқар тау да аласа», «Анаңды Меккеге үш қайтара көтеріп апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» дейді. Әлем ананы мадақтап, ананы жырлап келе жатыр. Жер бетінде адамзат барда бұл солай жалғаса береді. Ана жайлы күні-түні сөйлеуге болады, сонда да теңізге тамған тамшыдай көрінер еді. Оны өздерің де жақсы білесіңдер.

Бұрын қазақтың қара домалақ балалары екі-үшке келгенше ойнап жүріп, арасында жүгіріп келіп шешесінің омырауын емін кететін. Қазір келіндердің сүті екі-үш айда-ақ тартылады. Неге екенін айтайын ба? Өйткені, қазір қыз кезінен көлік мінеді. Бойындағы әйелдік қасиетінің барлығын темір сорып қояды. Сол үшін де өздігінен босана алмайды. Ылғи кесіп алады. Кесіп алғаннан кейін екі-үш айдан кейін сүт тартылады. Ары қарай жасанды сүт ішеді. Егер осыларды шындап қолға алатын болсақ, ұлт тазарар еді.



тойларының қазақы салт-санаға жат әдеттерге толып кеткенін сыңа алып, той-томалақта ұлттық дәстүрге қайшы әдеттерден арылуға шақырады. Зейнеп Ахметованың айтуынша, тойда жаңа түскен келінді төрге отырғызу, жартылай жалаңаш қалыңдық көйлегімен келінге беташар жасау, қыз ұзатуда әкесімен вальс билеу, гүл лақтыру, ата-енеге торт жегізу қазақы салтқа жатпайды және ұлттық дәстүрге қайшы. Зейнеп апамыз халық арасында ұмытылып қалған, көпшілігі біле бермейтін жөн-жоралғылар туралы да тың ақпараттар айтты.

Әсерлі кездесу соңында Зейнеп Ахметова залға жиналған жұртшылықтың түрлі тақырыптағы сұрақтарына жауап берді.

Жазушының ұлағатқа толы ғибратты әңгімелерін тыңдауға келген қалың көрерменнің арасында композитор Қалдыбек Құрманәлі, қоғам қайраткері, абайтанушы Әділ Несіпбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылы Осман сынды танымал азаматтар болды. Үсті-үстіне сұрақ қойып, белсенділік танытқан көрермен Зейнеп апайды орталарынан жібергісі келмеді. Кездесу 3 сағаттан астам уақытқа созылды. Кеш соңында Зейнеп Ахметоваға сыйсыпат табысталды. Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының мәдени көпшілік іс-шаралар бөлімінің басшысы Арман Қалыбеков Зейнеп Ахметоваға халықтың атынан ізгі тілегін арнап, қамзол кигізіп, иығына орамал жапты.



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

«JASYL EL»

Алматыда жастар жобасының жазғы маусымы ашылды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

(Басы 1-бетте)

Іс-шара барлық қатысушыға ұмытылмас әсер қалдырған керемет концерттік бағдарламамен басталды. 800-ден астам «JASYL EL» еңбек жасағы, эстрада жұлдыздары, соның

ішінде Dake, Medet&Aqsultan, OCHOOUU, сондай-ақ қала жастары мен танымал блогерлер ашылу салтанатына қатысты.

Биыл жоба аясында маусымдық жұмысқа 14 пен 35 жас аралығындағы 2100 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. Бұл олар-

ға тәжірибе мен дағдыларды игеруге, сондай-ақ қоғамның дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Сенбілікке қатысушыларға қоршаған ортаны бірлесіп, таза және жақсы ұстау үшін қаптар мен қолғаптар берілді.

«JASYL EL» жұмысқа орналасуға

мүмкіндік беріп қана қоймай, жастарды белсенді болуға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға және қоғамдық өмірге қатысуға шабыттандырды.

– Осы маңызды жобаға қатысқандардың барлығына, әсіресе өз міндеттерін ынтамен және жауапкершілікпен орындаған қатысушыларға рахмет. Біз бірге жастарымыз бен қаламыз үшін жақсы болашақ жасаймыз. Әлемдегі жаһандық экологиялық жағдай күрделене түсуде және қоршаған ортаны қорғау мәселесі өзекті болып жатыр. Сондықтан жастардың қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауы көңіл қуантады, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жетекшісі Қ.Мендіғалиев.

Жиында мегаполис жастарының белсенділігі мен еңбекқорлығы жөнінде де жақсы ойлар айтылды. Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Жанар Арнаева:

– Бүгінгі күні қала бойынша «JASYL EL» маусымдық жұмысына ниет білдіруші жастар қатары артып келеді. Дәп қазіргі мәлімет бойынша 2000 көлемінде жастар бар. Мұндай іс-шараның мақсаты шаһар тазалығына бей-жай қарамауға шақыру. Алматы – әсем қала. Сондықтан мегаполисті жандандыру өз қолымызда, – деді.

Іс-шарада өз еркімен қосылып, белсенді жұмыс атқаруға ниеттілер көп байқалды. Олар студенттік демалыс кезінде қаланың гүлденуі үшін белсенділік танытуда.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ТУРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ – 100!

ҰЛТТЫҚ МЕРЕЙТОЙ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Өткен аптада Алматыға «Түрік самалы» концерттік бағдарламасымен түріктің танымал өнер жұлдыздары келіп өнер көрсетті.

Түркия Республикасының 100 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шара Түркияның Алматыдағы Бас консулдығының бастамасымен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өтті.

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының үлкен залында өткен концертті мәртебелі меймандармен бірге, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Әли Риза Ақынжы да тамашалады. Залда ине шаншар жер болмады. Бұл, әлбетте, қазақ көрермендерінің бауырлас түркі елінің музыка өнеріне деген құрметін аңғартты. Мәртебелі меймандар қатарынан орын алған Бас консул орындаушылар мен көрермендерді жылы ықыласпен қарсы алып, залға жиналған түрік өнер қайраткерлері мен көрермендерді үлкен мерейтоймен шын жүректен құттықтады.

– *Құрметті өнерсүйер қауым, Түркия Республикасының 100 жылдығына арналған концертке қош келдіңіздер! Біздің мемлекетіміз құрылған күннен бастап ел ішінде де, халықаралық аренада да бейбітшілікті сүйетін саясатты ұстанып келеді. Түркия әйелдерге сайлауға қатысу және дауыс беру құқығын берген алғашқы елдердің бірі.*

Қазіргі түрік мемлекетінің негізін қалаушы Ататүрікті және сол секілді еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан тұлғаларды ыстық ықыласпен және алғыспен еске аламыз. Біз биыл бірқатар іс-шаралар өткізіміз келеді. Өздеріңізге белгілі, биыл Түркия елі жер сілкінісінің салдарымен бетпе-бет келіп, қиын кезеңдерді бастан кешірді. Осы сәтті пайдалана отырып, табиғи апат кезінде көмек көрсетіп, қолдау білдірген қазақ ағайындарға алғысымды айтқым келеді. Сондай-ақ, осы мерекелік концертті өткізуге атсалысқан Жамбыл атындағы филармонияға, өнер қайраткерлеріне, құрметті өнерпаздарымызға және демеушілерге алғысымызды білдіреміз, – деді Әли Риза Ақынжы.

65 жылдық тарихы бар еліміздегі ең ірі

музыкалық ұжым Т.Әбдірашев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің қатысуымен өткен мерекелік кешті Оғузхан Балжы жүргізді. Концерттің шымылдығын дирижер Оғузхан Балжы өңдеген «Балқан увертюра» композициясы ашты. Одан кейін белгілі әнші Дилек Түркан сахнаға шығып, Дерья Түркан (классикалық кеменче) мен Серкан Месуттің (канун) музыкалық сүйемелдеуімен ән шырқады. Түрік музыкасының да өзіндік ерекшеліктері бар. Бүгінде ұлттық түркі музыка мәдениеті фольклор, классика және сондай-ақ, эстрадалық музыканың алуан жанрларын өзінде тоғыстырып, дамудың бай тәжірибесі мен әлеуетіне ие болып отыр. Мәселен, алмұрт тәріздес пішіндегі түріктің ұлттық аспабы – фазильде ойнаған өнерпаздар адам жанының нәзік пернесіне дөп тиіп, көпшілікке ерекше сезім мен көңіл күй сыйлады. Басқа ішекті аспаптарға қарағанда бұл классикалық кеменше саусақ ұшымен емес, қолдың тырнақтарымен ойналады. Қолдың бірқалыпты қозғалуына мүмкіндік береді. Ал канун – трапеция тәріздес шанақты шертпелі ішекті музыкалық аспап.

Тарихи тамыры тереңде жатқан түрік халқының классикалық музыкасы мен ән-



күйлерін тарту еткен түрік әртістерінің өнері көрермендерді тәнті етті. Осылайша әсем әуен, бекзат өнер тарту еткен концерт әртіс пен көрермен арасындағы тұрақты қарым-қатынаста өте жылы атмосферада өтті.

Биыл Мұстафа Кемал Ататүрік негізін қалаған Түркия Республикасына 100 жыл

толып отыр. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылы 2 наурызда, яғни Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін ресми түрде жариялағаннан кейін шамамен үш ай өткен соң орнатылды.

Айта кетейік, бүгінде Түркияның бірқатар қалаларында Қазақстанның екі бас және жеті құрметті консулдығы бар. Ал Қазақстанда Түркияның екі бас және бір құрметті консулдығы қызмет етеді. Қазіргі таңда Түркістан қаласында тағы бір бас консулдық ашу жұмыстары жүргізілуде.

Түркия Қазақстанның маңызды стратегиялық және негізгі сауда-экономикалық және инвестициялық серіктесі болып табылады. Сондай-ақ, елдер арасында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Оның ішінде Анкара–Астана, Алматы–Ыстамбұл, Анталия–Талдықорған, Павлодар–Кайсери, Ақтау–Самсун, Шымкент–Измир және т.б. бауырлас қалалардың саны артып келеді.

Мәдени кеште орындалған классикалық музыка жауһарлары екі ел арасындағы «тонның ішкі бауындай» тығыз байланыс пен достық қарым-қатынасты күшейте түскендей.

Кеш соңында ел сүйіспеншілігіне бөленген түркиялық өнерпаздарға қала әкімінің атынан ықылас гүлі табысталды.

КӨГАЛДАНДЫРУ

АЛМАТЫ ГҮЛГЕ ОРАНДЫ

Алатау етегіндегі әсем қала апорттың ғана емес, гүлдердің де Отаны

Жаз келсе болды, Алматы құлпырып шыға келеді. Өйткені, гүлзарлардан бастап жол жиектері, саябақтар, көпшілікке арналған қоғамдық кеңістіктер мен кеңсе ғимараттарының алды түрлі-түсті гүлге толы.

«Туған жердің гүлі неткен көп еді...» көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев ағамыз студент кезінде туған жердің гүлді алқабын өлеңге қосып, осылай жырлаған екен. Расында да, табиғат-ананың бізге берер сыйы көп қой, шіркін! Мәселен, сіз Алматының айналасындағы өз бетімен өсіп шыққан гүлдерді көрдіңіз бе? Көңілге қуаныш сыйлайтын әсем гүлдерді өз басым күнде тамашалап жүрмін. Жұмысқа келерде мен мінетін қоғамдық көлік Құлжа тасжолындағы көпірдің үстімен жүреді. Сонда жолаушылардың назары жол бойына құдды бір сары мен қызыл түсті араластырып кілем төсеп тастағандай өсіп тұрған жабайы қызғалдақтарға ауады. Тамсанбауға болмайтын сұлулыққа сүйсініп қарап тұрып, тіпті жолдағы кептелістен қалай өткенімізді білмей қалып жүрміз. Расында да, қазақ даласы гүлге бай. Өсіресе, Алатау етегіндегі әсем Алматы апорттың ғана емес, гүлдердің де Отаны іспетті.

Сұлулықтың, әсемдіктің белгісі

Гүлдің адам жанын емдейтін, көңіл күйін көтеретін қасиеті бар. Өсіресе, қыдырып жүргенде бұл көрініс сізді ерекше сезімге бейітінді сөзсіз. Алып шаһарды көгалдандырып, гүлзарға айналдыру Экология және қоршаған орта басқарма-



сының тікелей қадағалауындағы жұмыс. Қазір қала көшелерінде гүлдердің сан алуан түрі жайнап тұр. Оған Алматының кез келген саябағы немесе арнайы мекемелерінің алдындағы гүлдестеге оранған аумақтар дәлел. Сала мамандарының айтуынша, аумақтың дизайнын ерекше өрнекпен безендіру үшін алдымен оның эскизі сызылады. Содан кейін отырғызу жұмыстары жүзеге асырылып, олармен арнайы ландшафт дизайнерлері жұмыс істейді. Негізінен гүлдер жергілікті және шетелдік тәлімбақтардан (питомник) алынады.

«Гүлдің жайқалып өсуі үшін оларға да бала секілді ерекше күтім керек. Себебі, олардың арасында қанша баптасаң да жаңа ортаға бейімделе алмай, тез солып, өспей қалатындары

көп. Демек, күнде күтім жасап, әрқайсысын өзінің ерекшеліктеріне қарай сұғарып, дәрумендерін уақытылы беріп отыру да қажырлы еңбекті талап етеді» дейді мамандар. Сондықтан шаһардағы гүл егу және оларға күтім жасау жұмыстарымен арнайы мамандандырылған ұйымдар айналысады. Ал олардың жұмыс сапасын Экология және қоршаған орта басқармасы бақылайды.

Еңбегі еселі мекеме

Сұлулыққа жаны құмар алматылықтар үшін биыл қала билігі мегаполисті абаттандыру мақсатында 185 мың шаршы метр аумаққа бір жылдық және көпжылдық сәндік гүл композицияларымен көркемдеуге мүмкіндік беріпті. Ал қала көшелері мен гүлзарларды абаттандыру жұмыстары арнайы мергідер компанияларға жүктелген. Жұмыс қызу жүріп жатыр.

Экология һәм эстетика

АҚШ-тың петуниясы, Жапония мен Қытайда өсетін гортензия секілді гүлдер қазір алматылықтарға таңсық емес. Бүгінде оларды жылыжайларда өзіміздің мамандар да өсіре бастады. Осы тұста гүл егумен айналысатын мердігер компаниялардың бір уәжі бар. Айтуларынша, олар өздеріне белгіленген аумаққа гүл егілгеннен кейін, артынша оларды ұрлап кететіндер бар дейді. Экология басқармасының мамандары егер мұндай жағдайлар орын алғанда ақпарат Полиция басқармасына жолданатынын айтады. Ал олар өз құзыреті шегінде әкімшілік шара қолданады.

Иә, «сырт көз – сыншы» демекші, Алматыға келген кез келген адамның назары бірден қаланың келбетіне ауатыны рас. Бірақ біз қаламызға осындай әсемдік сыйлап тұрған сұлулықты кімдердің маңдай терімен жасалатынына мән бермейміз. Шындап келгенде, бұл жұмыстың артында қаншама еңбек адамының күші жатыр.

Ендеше, біз уақытпен санаспай Алматының ажарын, қала келбетін көріктендіруге үлес қосып жүрген жандардың еңбегін бағалайық. Керісінше, егілген гүлге ерекше қамқорлық танытып, оны ешкімге тапталмайық! Өйткені, гүл көбірек егілсе, шаһар экологиялық жағынан да, эстетика жағынан да таза болады. Көліктен шығатын газдардан, улы заттардан арылуға да сеп... Ал сіз Алматыны абаттандыруға қандай үлес қосып жатысыз? Аулаңызға гүл ектіңіз бе?

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



31 МАМАҒЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАҒДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Биылғы 24 сәуірде ғасырмен құрдас апамыз, еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз Жаухар Сапақызы дүниеден озды. Оның есімі Алматы қаласынан сайланған 15 депутаттың арасында Иосиф Сталин, Жұмабай Шаяхметов (1946–1954 жылдары Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы), Нұртас Оңдасынов (1938–1951 жылдары Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы), Күләш Байсейітова, Балжан Бөлтiрiкова (мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат-әйел) сияқты атақты тұлғалармен қатар аталған еді...



Ғылымға құштарлық

Біздің кейіпкеріміздің өмір жолының кейбір сәттеріне тоқталсақ, Жаухар Сапақызы Куленова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы болып ұзақ жыл еңбек еткен. Жеке іс қағаздарына үнілсек, қазақ, орыс тілдерімен қатар неміс, ағылшын тілдерін де жақсы меңгергенін, диплом қосымшасында бір ғана пәннен «жақсы», қалған пәндердің бәрі «өте жақсы» деп

көрсетілгенін бағамдаймыз. Ғылымға құштар жас маман 1949 жылдың күзінде ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына қабылданады. Кандидаттық диссертациясы «Қазақстандағы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісі» атты тақырыпқа арналады, жетекшісі ретінде институттың «Революцияға дейінгі Қазақстан тарихы» бөлімінің меңгерушісі, сол кезеңде тарих ғылымының кандидаты Бек Сүлейменов бекітіледі. Бірақ жас ғалымның аспирантурадағы оқу мерзімі 1952 жылы аяқталғанымен, диссертация қорғалмады. Неге?

Қыспақ және депутаттық мандат

Соғыстан кейінгі кезеңнің алғашқы жылдары КСРО-да 1937–1939 жылдарда жүргізілген саяси қуғын-сүргін басқаша формада болса да қайта жалғасын тауып, алдыңғы қатардағы зиялы қауым өкілдері қуғын-сүргінге ұшырайды. Оның басты

себебі – КСРО-ның саяси жетекші күші КОКП соғыстан кейін пролетарлық интернационализм идеясының орнына біржақты ұлыдержавалық-шовинистік көзқарастарға негізделген саясат жүргізе бастады. Ұлттық республикаларда патриотизм бағытындағы гуманитарлық ғылымдар бойынша зерттеулер жүргізген авторлар, ұлт зиялылары, ұлттық әдебиет пен тарихты шынайы зерттеген мамандар қуғындалды. Сол жылдардағы көрнекті ұлт зиялылары – Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов жұмыстарынан шығарылып, қуғындауға ұшыраса, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.С.Сүлейменов, Е.Бекмахановтар сотталып, лагерьлерге айдалды. Ал 1952 жылдың 17 шілдесінде Жаухар апайдың ғылыми жетекшісі Бек Сүлейменов тұтқындалды. Бір жарым айдан кейін, 5 қыркүйек күні Е.Бекмахановтың өзі де тұтқындалып, тергеу жұмыстары басталып кетеді. Ғылыми жетекшіге қарсы бағытталған қаралау науқаны осылай тұтқындаумен, оның арты сотталып, Иркутск облысындағы лагерьлердің біріне айдалумен аяқталады. Қаралау науқанының қасіреті, оның салқыны аспирантына да тиіп, кандидаттық диссертациясын қорғамақ түгілі, өзінің аман қалуының өзі бас қайғыға айналады. Біздің ойымызша, Жаухар апайдың кандидаттық диссертациясын уақытылы қорғамауы және 1952–1958 жылдары жұмыс орнын жиі ауыстыруы осы саяси қуғын-сүргіннің тікелей салқыны деп білеміз. Жаухар Сапақызы өзінің диссертациялық жұмысына қайта оралуға тек 1958 жылы ғана мүмкіндік алды. Оған дейін Алматыда әртүрлі қызметтер атқарды.

Студенттік жылдарда сабақты үздік оқыған Жаухар Сапақызы институттың қоғамдық өміріне де белсене араласты. Ғылым академиясында жұмыста жүргенде, жоғары биліктерілер әрі жас, әрі белсенді, әрі жоғары білімді, қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген тарихшы-аспирантқа сенім артып, тіпті оны Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаттығына да ұсынды. Сөйтіп, Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасында оқып жүргенінде-ақ, 1951 жылы 18 ақпандағы сайлау қорытындысы бойынша Жаухар Куленова Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланды. Оның есімі Алматы қаласынан сайланған 15 депутаттың арасында Иосиф Сталин, Жұмабай Шаяхметов (1946–1954 жылдары Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы), Нұртас Оңдасынов (1938–1951 жылдары Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы), Күләш Байсейітова, Балжан Бөлтiрiкова (мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат-әйел) сияқты атақты тұлғалармен қатар аталды. Сол кезеңде депутаттық мандатқа ие болу үшін қандай талаптар қойылатыны белгілі. Әлі отызға да толмаған жас маман үшін республикалық деңгейде депутат мандатын иелену – зор жауапкершілік әрі жоғары биліктің оған деген зор сенімі еді. Апайымыздың қоғамдық-саяси

өмірдегі жолы осылайша жарқ етіп сәтті басталғанымен, өкінішке орай, нәубет жылдардағы кеңестік саясаттың кесірінен ғылымдағы жолына балта шабылды

Жылымық жылдар жаңғырығы

1958-1959 жылдар аралығында Академияның «Сирек кітаптар және қолжазбалар қоры» секторында жұмыс істеген аз ғана уақыт Жаухар апайдың ғылым жолындағы ерекше айтылар кезеңі. Осы жұмыста жүріп апайымыз Қазақстан мұсылмандарының орталығы – Қазиятпен байланыста болады. Бұл кезде Қазиятта діни қайраткер Сәдуақас Ғылмани (1890–1972 жылдары өмір сүрген, 1952–1972 жылдары қазият басқарған) басшы болып, өзінің атақты 5 томдық арабша-қазақша сөздігін жазды. Араб тіліндегі көптеген еңбектердің қазақшаға аударылған кезі де осы уақыт аралығы. ҚазКСР Ғылым академиясының арнайы тапсырысымен Әбу Насыр Әл-Фарабидің шығармалары қазақ тіліне аударылды. Академия мен Қазият арасындағы бұл ғылыми-шығармашылық байланыс осы «Сирек кітаптар және қолжазбалар қоры» секторы мамандарына жүктелген еді. Жаухар апайдың туған сіндісі, сексеннің үстіндегі София Сапақызының айтуынша, Қазиятпен байланысы үшін арнайы қызмет ұйымының қызметкерлері Жаухар Куленованың соңынан түсіп, оны қатаң бақылауға алды. Бірнеше рет олардың шақыруымен мекеме кабинеттерінде де болып, түсініктеме де жазды. Тек Сталиннің өлімінен кейін ғана тоталитарлық жүйенің қысымы біршама жұмсарды. Бірақ содан кейін де әлі де болса, жүйенің қоғам мен оның азаматтарын қатаң бақылауда ұстап отыруы жалғасып жатты. Бақылау кейде ашық, кейде жасырын түрде үзбей жүргізілді. Мұндай психологиялық қысым мен өзара сенімсіздік жағдайлардан кейін Жаухар апай академиядағы жұмыстарын тағы да тастауға мәжбүр болды. Тек Сталиннің өлімінен кейін жылымық жылдар басталғанда айдаудан оралып, еліміздегі жалғыз университеттің Тарих факультетіндегі Қазақ КСР тарихы кафедрасында меңгеруші болып жұмыс істеп жатқан Ермұхан Бекмаханов Жаухар Куленованы кафедраға жұмысқа алуына қарағанда, профессордың адам тани білетіндігі мен оның адамгершілік қасиеттерін сыйлағандығы және апайымыздың ғылыми жетекшісіне деген құрметтің болуынан деп түсінеміз. Сөйтіп, 1959 жылдан бастап, 1984 жылы зейнетке шыққанға дейін – 25 жыл бойы Жаухар Сапақызының өмірі университетте, Қазақстан тарихы кафедрасында өтті.

Зиялы қауым арасында ғасырды бағындырып, одан әрі бір ай және бір күн өмір сүрген ғалым-ұстаз Жаухар Сапақызы Куленованың өмір жолы осындай.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, профессор,
тарих ғылымының докторы.

бұйырған бір тілім нанды бірден жеп қоймай, ұсақтап бөліп, таңдайында сорып жүретін болған. Оларға ботқаны малға берілетін, тазаланбаған арпадан дайындаған. Көгерген картопты қара суға асып беріп отырған. Өздеріне керек жұмыс күші болғандықтан, оларды әйтеуір осылай өлтірмей ұстаған.

«Анамның үйі»

«Карлагта» «Отанын сатқан, қоғамға қауіпті халық жауларының» балалары да азапты күндер кешкен. Жүкті әйелдер үшін жазаны кейінге қалдыру мүмкіндігі болмаған. 1938 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Карлагқа» келген 2103 әйелдің арасында жүкті және омырауда баласы бар 655 аналар болған. Әйелдерге нәрестесін емізіп, жөргегін ауыстыруға ғана рұқсат берілген. «Карлаг» аумағында балалар комбинаты, «Осакаров» балалар үйі, «Долинский» балалар үйі, Санитарлық және медициналық бөлімнің сәбилер үйі, 18 балабақша болған. Оларда тәрбиеленген балаларда «отбасы», «же», «ана» деген ұғымдар болмаған.

Долинқада 4 жасқа дейінгі балаларға арналған «Мамочкин дом» атты арнаулы мекеме жұмыс істепті. Ал төртке толған балаларды «Осакаров» балалар үйіне жөнелтіп отырған. Мұндайды көтере алмаған кейбір әйел-аналар есінен алжасып кеткен. Әйелдер нәрестесін бір емізіп кетуге мүмкіндік алу үшін 10 немесе одан көп сағат жұмыс істеуге мәжбүр болған. Ал қара жұмысқа жегілген нәзік жанның омырауынан қайдан сүт шықсын, сәбилері шетінеп кетіп отырған. Долинканың бір шеті сол сәбилердің қорымына ұласады. Әзірге қанша періштенің көз жұмғаны туралы нақты дерек жоқ. Бір ғана 1943 жылы 450 бала бір мезгілде өкпесі қабынып қырылып қалған. Қақаған аязда тас болып қатып қалған жерді қазу мүмкін болмағандықтан, лагерь өкілдері қыстыгүні балаларды жерлемеген. Балалар үйінің жанындағы кішкентай ғана тастай тамға бөшекелер қойылып, соған өлген балалардың денесін жинай берген. Күн жылығанда барып жерді қазып, шұңқырға бөшекесін көме салатын болған.

ТҮЙІН:

Осыншалықты азаптың бәріне төзген адамдардың бастан кешкендері бұл күні тарихқа айналды. Иә, ол күндер, айлар, жылдар талай жанның өмірін өксітті, үмітін үзіп тастады, қанатын қиды. Сол уақыт аямады оларды. Бірақ ақ парақтары жазылып қалды.

ЗЕРДЕ

«КАРЛАГ» ТОЗАҒЫ

28 жыл жұмыс істеген азап лагерьі туралы не білеміз?

Алдыңғы жылғы жазғы демалыста бала-шағамен қыдырып, елордаға барғанбыз. Ханшатыр, Бәйтерек, ЭКСПО дейсіз бе, бар жақсыны көрдік, қалағанымызша араладық. Ойнадық, күлдік. Сосын балаларды тек ойын-сауық орталықтарымен ғана шектемей, бұл өмірдің тек жарқ-жүрқ еткен, қызылды-жасылды сәттерден ғана тұрмайтынын сездіру үшін астана іргесінде жатқан, Қарағанды жерінде орналасқан «Карлаг» мұражайына апардық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Балалардың көзімен

Балалар мектеп оқулығында саяси қуғын-сүргін туралы жалпылама жазылған мәліметтерін осы мұражайдан көзбен көріп, тереңірек сезінгендей, сол бір қасіретті жылдардың салмағын бала жүрегімен өз әл-қадерінше салмақтай алған секілді көрінді бізге.

Мұражай үйінің аумағы өте үлкен екен. Бәрін аралап шықтық. Рас, мұражай табалдырығын аттағаннан еңсенді басатын бір аура барын сезінесіз. Басқаша болуы мүмкін емес, өйткені ол үйдің қабырғасында қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандардың, жазықсыз әйел-аналардың азапқа толы сәттері, жан қиналысы, бәрі-бәрі сақталып қалған. Иә, күнгірт шамдар, ауыр есіктер көз алдыңызға кинолардан, деректі фильмдерден көрген эпизодтарды әкелетіндей. Балаларымыз ұлт қаймақтары азапталған, шын-жырға байлап буындырылған, тырнақтарының астына ине тыққылап қиналған, белуарға дейін жететін мұздай су толтырылған, беті темірмен шегенделген құдық-зынданға сөткелеп отырғызылған тас камераларды көзімен көрді. Құр саман, қамыс, қанар қаптар төселген темір төсектерді көрді. «Халық жауы» атанған азаматтардың әйелдерінің де (манекен-адамдардың) оты сөнген жанарына үңілді. Тас қабырғадағы қолдан жасалған қан іздері де балалардың денесін түршіктірді. Себебі, олар әр камераға аяқ басарда ішке абайлап, бажайлап енді.



«Даладағы тамұқ»

Патшалы Ресейдің еңбекпен түзеу колониясы принципі бойынша құрылған «Карлаг» (Қарағанды еңбекпен түзеу лагерьі) сталиндік концлагерьі 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды. Ол ГУЛАГ архипелагы құрамындағы ең ірі азап аралы болған. Лагерь үлкен аумағына қарай және тікелей Мәскеуге ғана бағынғандықтан «Мемлекет ішіндегі мемлекет», ал азаптау құралының күштілігі жағынан «Даладағы тамұқ» деген атқа ие болған деседі. «Карлагтың» түпкі мақсаты – социализм құрудың сталиндік бағдарламасын жүзеге асыру үшін тұтқындардың тегін еңбегін жаспай пайдалану. Лагерьдің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жердегі Долинка ауылы болған. Оған егістікке жарамды 120 мың га жер, 41 мың га шабындық жер бөлініп берілген. «Карлаг» аумағы солтүстіктен оңтүстікке дейінгі 300 шақырым, шығыстан батысқа дейінгі 200 шақырым жерді алып жатты.

Құрылғаннан кейін бір жыл өткенде мұндағы тұтқындар саны 10 400 адамға жетті, олардың 8400-і ауыл шаруашылығымен айналысты. Саяси қуғын-сүргін құрбандары Долинқада шыны, қант, май зауыттарын, ет комбинатын, тігін шеберханаларын, көкөніс кептіргіштер, диірмен салған. 1940 жылы лагерьде 12 диірмен, 9 жармалағыш, 14 май зауыты, екі ірімшік қайнататын өндіріс, 9 сүзбе ірімшік қайнататын өндіріс, 11 көкөніс тұздау пункті, бір қасапхана болған.

Бір тілім нан

Азап лагерінде болған 1,5 миллион тұтқынның дені «халық жауы» деген айыппен сотталған және солардың отбасы мүшелері ретінде бас бостандығынан айырылған жандар еді. Олар – қазақтар, немістер, украиндар, поляк, еврей, шешен, француз, латыш, эстондар секілді көптеген этнос өкілдері. «Карлаг» шаруашылығы тез дамып, өркендеді. Себебі, оған тоғытылған тұтқындар бүкіл әлемге танымал ғалымдар, әскери қолбасшылар, мәдениет және саясат өкілдері мен басқа белгілі тұлғалар еді.

Тергеуші мен күзетші күнделікті ауысып отырғанымен, тұтқынға ұйықтауға, отыруға да рұқсат берілмей, тоқтаусыз тергеп-сұрау жүргізіле берген. «Карлагтағы» азаптау түрлі әдістермен жүргізілген деседі. «Кінәсін» мойындамағандарды жабық камераларға апарып, екі-үш күн ас-су бермей қинаған. Ұрып-соғу, қинау әрекеттерін сенбі-жексенбі күндері жүргізген. Бұл күндері ауыл-аймақтарда арнайы ойын-сауық кештерін, музыкалық бағдарламалар ұйымдастырылған. Бұл – азаптаудан жан дауысы шыққан адамдардың ащы айқайын жұртшылыққа естіртпеу үшін қолданылған әдіс болған көрінеді. Лагерь қызметкерлері ажарлы қыз-келіншектерді пайдаланған.

Ас түгілі қара суға да жарымаған тұтқындар жүрек жалғайтын тамағын құл-қоқыстың ішінен іздеп, қалған сүйек-саяқты жеген. Олар өзіне



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ

Алаш ардақтысы Нығмет Нұрмақов туралы біз не білеміз?

Қазақстан Республикасы Президентінің «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығы нәубет жылдарындағы жазықсыз жапа шеккен саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты мәселелерді жан-жақты зерделеуге жол ашқаны белгілі. Содан бері арнайы комиссиялар тарапынан тарихи құжаттың мақсат-мүддесі аясында талай тың деректер ашылды. Еліміздің азаттығы, тәуелсіздігі жолында жазықсыз қудаланып, «халық жауы» деген желеумен атылып кеткен Алаштың асыл да ардақты тұлғаларының бірі – мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов.



1937 жылы өмірі қылға ілінген миллиондаған адамдардың тағдыры әлем-тапырық болып, бірі атылып, бірі тозаққа тасталып жатты. Сталиндік қолшоқпарларға Қазақстанда кең көлемде айыптау науқандарын ұйымдастыру үшін ірі тұлғалардың есімдері қажет болатын. Біздің пайымдауымызша, Мәскеудегі қазақ қайраткерлерінің қатарында оңтайлысының бірі Н.Нұрмақов болғандықтан, оны айыптау ісі бірінші кезекке қойылды. Оңтайлысы дегеніміздің мәні мынада: біріншіден, кешегі Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар басқарған басшы Н.Нұрмақовтың Мәскеуде билік басында отырса да, үкімет мүшелері арасында ықпалы әлі де сақталып қалды. Ендеше, ел азаматтарымен терең байланысы бар Н.Нұрмақовтың басын тігу арқылы істі ұйымдастырушыларға онымен кеше ғана үкімет құрамында қызмет атқарған қазақ қайраткерлерін түгелдей байланыстырып, біріктіріп жіберуіне болатын. Екіншіден, оның Қазақстанда Халком Кеңесінің төрағасы болған жылдарындағы қызметі негізге алынды, яғни өнеркәсіпті дамыту, байларды тәркілеу, жер мәселесіндегі бағыттары, көзқарасы, бір сөзбен айтсақ,

оның «сәдуақасовшылдығы» айыбын түрлендіруге кең мүмкіншіліктер берді. Үшіншіден, Мәскеудегі Н.Нұрмақовтың шаңырағынан қонақжай Зүпнұн Ыбырайқызының дастарханынан дәм татып кететін қарапайым елдің адамдары мен басшыларға дейін үзілмейтін. Солардың қатарында Мәскеуде тұратын қазақ қайраткерлерінің басым көпшілігі соңғы келген Нығмет Нұрмақовпен тығыз байланыста болып, елдің бар жаңалығын осы жерден біліп отыратын. Ендеше, Н.Нұрмақовтың ісі Мәскеулік қазақ қайраткерлерін де айыптауға кең мүмкіндік беретін істің болғаны ақиқат.


Сол тіпуді жүргізуші НКВД қызметкерінің бірі – Нисенбергтің жасаған тізімдемесі бойынша Нығмет Нұрмақовтан бар болғаны өкімет тарапынан сыйлыққа тартылған наградалары «Зауэр» винтовкасы, «Маузер» тапаншасы, аңшы мылтықтары, т.б. тәркіленген.

3 маусым күні толтырылған кінә тағу қарарында «пантюркист» деген бірақ сөз жазылыпты. 15 маусымда алғаш рет Н.Нұрмақовтан жауап алынған. «Сіз, контрреволюция ұйымында болғаныңызды мойындайсыз ба?» деген сұраққа Н.Нұрмақов: «ешқашан кірген емеспін» деп жауап берген екен. Бұл әбден таптаурынға айналған, дәстүрлі тергеу ісінің әдеттегі бастамасы болатын. Оған қарсы жан-жақты бұлтартпас жалған ақпарлар жасалып, тіркеліп, жинақталып жатты.

Одан ары Қарағанды облысын өз ықпалына қаратқан бұл ұйымның бар қылмыстары айғақталып дәлелденгені республикалық арнайы қауіпсіздік органдарының табысы ретінде баяндалады. Бұл шешім Мәскеуде тағдыры қыл үстінде тұрған Н.Нұрмақовтың ісіне үкім шығаруды жеделдетті. Мәскеуде 26 қыркүйекте 1937 жылы КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасының кеңесінде әскери заңгерлер Голяков, Ждан, Кандыбин, Рогинскийлердің қатысуларымен Нұрмақовтың ісі қаралды. Кеңес ешбір куәлерсіз, істі аяқтауға дәлелдердің толық жеткілікті екендігі жайлы қорытындыға келеді. 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы сотталушы Нұрмақовтың бар кінәларын «мойындағанын» жеткілікті деп санап, «тәркіленсін және атылсын» деген қаулы қабылдап, үкім шығарды. Сөйтіп, бар болғаны 15 минут уақыт ішінде, ірі қайраткер, бар саналы өмірін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуімен байланыстырып, КСРО құрамындағы аз ұлттардың жанашыры болып танылып үлгерген қазақ азаматының тағдыры шешілді. Үкім сол күні орындалды деп көрсетілген. Осылайша қырықтың қыркасына енді ғана шыққан Нығмет Нұрмақовтың да ғұмыры замандастары секілді қысқа болды.

Н.Нұрмақов ұлттық мүддеге қайшы келетін саяси бағыттарға өз наразылығын 1922 жылдан-ақ білдіре бастады. Көп жағдайда ол Қазақ Өлкекомның бюросында ұлттық мәселелерге қатысты нақты көзқарасын білдіріп, өз пікірін дәлелді айтатын. Наразылықтың шегі – 1924 жылдың наурызында қазақ коммунистерінің атынан қазақ қайраткерлерін ұлтшылдықпен айыптау пиғылының өріс алғандығын мәлімдеген 14 адам қол қойып, БК(б)П орталық комитетіне жолданған хат еді.

Н.Нұрмақовтың Қазақстан үкіметін басқарған жылдар ішінде кеңестік саясаттың ұсынған бағдарламасымен келіспеген, ұлттық мүдде мен ерекшеліктерді ескеруді талап еткен және сол бағытын жүзеге асыруға күресіп баққан әрекеттері Ф.И.Голощекин мен оның жақтастарына ұнамады. Ол қарама-қайшылық мал шаруашылығын дамыту жолдары, казактардың ата қонысын қайтару, оларды жерге орналастыру, байларды тәркілеу сияқты шаруашылық бағыттарда



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Нығмет Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде Семей губерниясының Қарқаралы уезіндегі Қу болысында дүниеге келген. 1911 жылы Қарқаралы қаласындағы екі кластық училищені, 1915 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын бітірген. 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі барысында саяси өмірге белсене араласады. Кейін Семей губкомының хатшысы, Қазақ Орталық Атқару комитетінің және Қазақ облыстық партия комитетінің мүшесі болады.

1922 жылдың 17 қазанынан Қазақ Трибуналының төрағасы болып сайланды. 1923 жылдың 16 ақпанынан РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі болып қайта құрылғандығы жөніндегі бұйрыққа оның бірінші төрағасы Нығмет Нұрмақов қол қояды. 1923 жылдың 15 мамырынан Қазақстанның Әділет халық комиссары және Республика прокуроры қызметіне тағайындалса (1923 жылдың қарашасына дейін аталған міндеттермен бірге Сот төрағасы лауазымын қоса атқарған), 1924 жылдың қараша айынан 1929 жылдың сәуірі аралығында Қазақ Автономиялы Республикасы үкіметінің төрағасы, 1929–1937 ж.ж. Мәскеуде Жоғары партия мектебін бітірген соң Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті хатшысының орынбасары қызметінде болған.

НКВД қызметкерлері Н.Нұрмақовты Мәскеудегі жұмысында 1937 жылдың 3 маусымында тұтқындаған.

Қарқаралыда Қазақстанның тарихында елеулі орын алатын ірі тұлғаларға арналған музей және олардың мүсіндері орнатылған ескерткіштер аллеясы бар. Аса құрметпен аталатын есімдердің бірі, сол өңірдің тумасы – Нығмет Нұрмақов. Қарағанды қаласының №2 қазақ мектеп-интернатына Нығмет Нұрмақовтың есімі берілген.

• НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ЖҰБАЙЫ ЗҮПНҰН НҰРМАҚОВАНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН:

«Нығметті 1937 жылы 3 маусымда ұстаса, мені сол жылы 20 шілдеде қамауға алды. Сонымен, Москваның Бутырка түрмесінде 4 жарым ай отырдым. Содан соң мені Москва түбіндегі бір түрмеде 1939 жылға дейін ұстады. Түрмедегі әйелдерді 1939 жылы жазда жинап, Карелия-Фин АССР-іне этаппен алып жүрді. Ал сол жылдары осы автономиялы республиканың аумағында тұтқындар лагері көп болатын. Оны жасыруға болмайды. Көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталып, мұндағы лагерьдегі тұтқындарды да эвакуациялады. Вагондарға тиелген тұтқын әйелдерді жолшыбай ешқандай лагерь қабылдамағандықтан әйтеуір өзін аяңмен 1941 жылы Қарлағқа алып келді... Әсіресе, мені қинағаны балаларымның жаздайы. Тамара деген қызым балалар үйінде қайтыс болып кетті. Ал Нояным балалар үйінен әскерге «штрафной батальонға» алынған екен. Содан «халық жауының» баласы деген қоңырауды әкесі Нығмет Нұрмақов ақталғанына тағып жүрді», – деп өткенді есіне алады екен.

айқын көрінді. Нығмет Нұрмақовтың қилы заманда таңдап қосылған жұбайы Зүпнұн Ыбырайқызы Нұрмақова көп кешікпей қамауға алынып, Мәскеудің Бутыркасында, сосын Карелияда 1941 жылға дейін темір тордың ар жағында отырды.

Нығметтің өз әкесі Нұрмақ, қайын атасы Ыбырай Ақпаев та халық жауының туған-туысқаны ретінде айдалып, кейін үштіктің үкімімен атылды. Сондай-ақ, Нығмет Нұрмақовтың Қазақ әскери атты полкінде қызмет атқарып жүрген бауыры Құрманғали, қайын інісі Абдулхамит сияқты бас көтерер ер-азаматтар түгелдей дерлік жазықсыз мерт болды... Олардың үрім-бұтағының қилы тағдырын суреттеудің өзі ауыр.

Нығмет Нұрмақовтың туған ұлы Ноян 1941–1945 жылдардағы соғысқа қатысып, әскери қызметін жалғастырып, капитан дәрежесінде құрметті демалысқа шықты. Анасымен бірге әкесінің ақталғаны туралы қағазды күтті. 1956 жылы жеке басқа табынудың зардаптары әшкереленіп, миллиондаған кеңес азаматы ақталды. Кезек Н.Нұрмақовқа да жетті. Анасымен бірге ұлы әкесінің ақталғаны туралы қағаз алды. Көп кешікпей Мәскеу қаласынан Нұрмақовтарға тиесілі пәтер берілді. Әкесін елге танытуға Нығметұлы Ноян да атсалысты. 1960–1970 жылдары Ноянның құзырлы үкімет басшыларына, тарихшыларға, жазушыларға және өнер қайраткерлеріне жазған хаттары мұрағатта әлі сақтаулы тұр. Соғыстан алған жарасы меңдеп ауыра берген Ұлы Отан соғысының ардагері Ноян Нұрмақов 1986 жылы Мәскеуде анасының қолында қайтыс болды. Ол Мәскеудегі Ваганьков зиратында жерленген. Зүпнұн апамызды кейін Алматыдағы туыстары Нығмет Нұрмақовтың туған інісі Жәмелдің балалары Рабига Жәмелқызы қолына алып, бақты. 1996 жылы Зүпнұн Ыбырайқызы 94 жасында көз жұмды.

Болат ҚАБДӨШЕВ,
тарих ғылымының кандидаты,
Алматы қалалық саяси қуғын-сүргін
комиссиясының мүшесі.

• ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ АРНАЙЫ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ГРОМОВТЫҢ 1937 ЖЫЛДЫҢ 23 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕГІ ЖЕДЕЛХАТЫНАН:

«Мәскеуге. КСРО Жоғарғы Соты. Винокуровқа. Халық жаулары Нұрмақов, Құлымбетов, т.б. тікелей нұсқауымен Қарағанды облысының Қарқаралы округінде 1934 жылы құрамында Асылбеков, Ғатауллин, Избасаров, Ордабаев, Шамсутдинов тағы бірқатар адамдардың қатыстырылуымен контрреволюциялық, ұлттық-фашистік ұйым құрылды. Бұл ұйым троцкий-бухариндік орталықпен байланысып, мақсаты Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасау, фашистік мемлекеттердің интервенциясы негізінде Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету, капитализмді қалпына келтіру болды».



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КҮНІ

Халықаралық Балаларды қорғау күні қарсаңында Бостандық ауданындағы №140 бөбекжай-балабақшасында көптеген іс-шара ұйымдастырылуда. Қазір жаз маусымы болғандықтан балабақшаның көптеген мерекелік іс-шаралары таза ауада өтіп жатыр.

ІЗГІ АРМАНДАРЫН БОЯУМЕН ӨРНЕКТЕДІ



Мәселен, «Әкем, анам және мен», «Менің сүйікті қалам», «Сурет салғым келеді» атты іс-шараларға тек балалар ғана емес, олардың ата-аналары да белсене атсалысты. Бірлескен шығармашылық жұмыстардың көрсеткіші ретінде керемет көрме ұйымдастырылды. Мұндағы әрбір атқарылған жұмыстың барысын бағаласак, балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты байқау қиын емес. Әсіресе, бүлдіршіндердің ашық аспан мен бейбіт өмірді бейнелеген суреттері асфальтқа ғана емес, аулаға да ерекше сән бергендей. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі Шаттық Әбішқызы бүгінгі таңда білім саласына, мектепке дейінгі мекеме жұмысына кең қолдау жасалып, зор сенім жүктеліп отырғанын жеткізді.

– Мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы бүгінгі бүлдіршіндер ғой. «Жас шыбық күтіміне қарай өседі» демекші, жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты баланы өсіріп тәрбиелеу, әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Сондықтан біз өз тарапымыздан ізденіп, жас ұрпақтың өсіп-қалыптасуы үшін көптеген жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Балалардың шынығып, денсаулығы мықты болып, дене құрылысының дұрыс жетілуі де осы кезеңдерде қалыптасады. Сондықтан балабақша бағдарламасына денсаулық сақтау технологияларын енгізудің өзі заман талабынан туындап отырғаны анық, – деді ол.

БАЙҚАУ

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ білім алушының жетістігі

Шаһарымызда білім сапасын арттыруға бағытталған тағы бір байқау өтті. Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде өткен байқау «Педагогтің кәсіби шеберлігі – білім алушының жетістігі» деп аталды. Аталмыш байқауды қалалық әкімдіктің қолдауымен Білім басқармасы ұйымдастырды.

Сонымен, бұл байқауға Алматыдағы «Техникалық және кәсіптік білім беру» жүйесі педагогтары, яғни 25 колледждің оқытушылары қатысып, өздерінің шеберліктерін сынға салды.

Бірнеше кезеңді қамтыған байқау барысында жас оқытушылар өздерінің шығармашылық ізденістерін, қабілеттерін, ұстаздық

МАРАПАТ

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» оқушыларды еңбекке баулиды

Былтырдан бастап Алматы қаласы әкімдігі «EN Social» компаниясымен бірлесіп «Жасыл мектеп» пилоттық жобасын іске қосқан еді. Жобаға қатысушылардың жыл бойғы жұмыстары қорытындыланып, қатысушыларды марапаттау рәсімі «Арман» кинотеатрында өтті. Барлық жеңімпазды қала әкімінің орынбасары Ә.Нүсіпова құттықтап, Құрмет грамоталарын табыс етті.

Аталмыш жоба қала мектептерінде эко-рейнджерлер тобын құруға бағытталды. Олар сарапшылардың техникалық және әдіснамалық қолдауымен қалдықтарды бөлек жинауды жүзеге асырды. Сонымен қатар, бастауыш сыныптар үшін тренингтер өткізіп, эко-фестивальдар ұйымдастырды. Өз қолдарымен құстардың ұясы мен жемсалғыштар жасады. Оқушылар өздерінің эко-белсенділіктерін арттыру мақсатында мектеп жеделхаттары мен ютуб арналарын ашты. Аталмыш жобаға барлығы №25 гимназия, №46 гимназия, «HighTech» мектебі, №125 мектеп, РФММ, №172 гимназия, №185 мектеп, №200 гимназия, «Престиж» мектебі, №76 мектеп, №143 мектеп-лицей оқушылары қатысты.

Мектеп оқушылары акция қорытындысы бойынша қайта өңдеуге 1,5 тонна қалдық тапсырды. Сонымен қатар, маусым айының басында барлық пайдаланылған жұмыс дәптерлерін, контурлық карталарды, күнделіктерді және т.б. қажет емес заттарын жинап, оларды қайта өңдеуге беруді жоспарлап отыр.

Жоба барысында аталмыш мектептер

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ОТПЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ!

Алматы облысында жанармай құйылған құты қасында сіріңкемен ойнаған үш жасар бала күйіп қалды.

Еңбекшіқазақ ауданының Ташкенсаз ауылында екі бала үй ауласында отпен ойнаған. Екеудің бірі бензин құтысының қасында сіріңке жаққан. Лап еткен жалыннан үш жасар баланың мойны, арқасы, бөксесі, оң жақ иығы күйіп қалған. Оның денесінің отыз пайызға жуығын күйік шалған. Балақай аудан орталығындағы аурухананың жансақтау бөліміне жатқызылды.

«Қарапайым қауіпсіздік ережелері сақталса, қайғылы оқиға болмас еді. Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар, жанғыш заттары бар канистрлерді балалардың қолы жетер жерде қоймаңыздар, сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсіндіріңіздер», – деп ескертеді Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары.

Айнабай МӘДИ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерасыл ӘШІМБАЙ, компанияның топ менеджері:

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫ ҰРПАҚ ӨСІРУІМІЗ КЕРЕК

Былтырғы оқу жылында біз қалалық әкімшілік, экологиялық басқарма, қалалық Білім басқармасының тікелей қолдауымен 11 мектепке «Жасыл мектеп» жобасын енгізген едік. Жыл бойы түрлі тренингтер мен семинарлар өткіздік. Қоршаған ортаны сақтап, табиғатты аялау мақсатында дәрістер оқыдық. Міне, бір жыл бойғы жұмысты қортындылайтын да кез келді. Осы бір жыл ішінде әлгі 11 мектепте оқып жатқан оқушылардың таным дүниесі кеңейіп, елімізде қоқыс қалдығын сұрыптайтын 100-ден астам зауыттың бар екенін біліп жатыр. Жалпы, бұл жобаның мақсаты – өскелең ұрпақтың экологиялық сауатын ашып, қоршаған ортаны көздің қарашығындай сақтау керек екенін ұғындыру. Жобаға белсене атсалысқан 40-қа жуық оқушы, 14 жетекші және бірнеше мектеп ұжымы марапатталды.

өздерінің микроучаскелерін эко-хабқа айналдырып, болашақта қайта өңдеуге жіберілетін қалдықтарды қабылдауы мүмкін екенін дәлелдеді. Алматы мектептері осы жобамен 100% қамтылған жағдайда, қалада қалдықтарды қайта

өңдеуге тапсыру мәселесі шешілетін болады.

Марапаттау рәсімін кейін балалар «Алматы қоқыс сұрыптау зауытына» экскурсияға барып, қалдықтарды басқарудың барлық процесін көріп қайтты.

ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ

ОТБАСЫ ТІРЕГІ Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмас...

Халықаралық Балаларды қорғау күні аясында №174 мектеп-гимназиясында Наурызбай аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмас» атты әкелер форумы өтті.

Форумды Наурызбай ауданы әкімдігі жанындағы Кәмелеттік жасқа толмағандар ісін қарайтын комиссия отбасы құндылықтарын насихаттап, сонымен қатар, ата-аналардың отбасындағы және қоғамдағы жауапкершілігін арттыру мақсатында ұйымдастырып отыр. Аталмыш форум жұмысын Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев ашып, отбасы мен қоғамдағы әкелердің орнының ерекшелігіне тоқталып, ауданда Әкелер кеңесінің құрылып жатқанын жеткізді. Алғаш рет өткізіліп отырған іс-шараға осы форумның серіктесі, әрі шараның спикері «Сенімен болашақ» атты ата-аналар РҚБ құрылтайшысы, қоғам белсендісі Нұркен Асанов, ақын Мұратхан Шокан, қалалық мәслихат депутаты Қайрат Бегалин, Алматы қаласы әйелдер ісі жөніндегі комиссияның хатшысы Гүлнар Әмірова қатысты.

Әкелер форумында түрлі мәдени, спорттық шаралар болды. Форум басталар алдында мектеп ауласында ашық алаңдар ұйымдастырылып, дарынды балалар іс-шараға келген әкелерінің портретін салып, сыйға тартты. «Күй – күдірет, күй – кие» атты күйшілер жарысы да тартысты өтті. Енді бір алаңда әкелер шахмат, тоғызқұмалақ ойнаса, үшінші алаңда қол күрестен бақ сынасып жатты. Әрине, бұл күні әкелерге арналған тәттілерге де орын табылды. «Келші, әкешім, би билейік қалықтап» атты әке мен қызының жұптық биі де жарасым тапты.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалым СМАНОВ, Алматы Мемлекеттік бизнес колледжінің директоры:

– Мені байқауға қатысқан жас мамандардың белсенділігі қуантты. Иә, кезінде мен де осындай байқауларға қатысып, шыңдалу мектебінен мол тәжірибе жинап, талай баспалдақтан өттім. Байқауға қатысқан әріптестерімнің көзіндегі отты көргенде, шынымды айтсам, қатты қуандым. Өйткені, бұл мамандардың өз мамандықтарын адаспай тапқан жандар екені көрініп тұр.

колледжінің оқытушысы Жанат Керімқұлова, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжінің оқытушысы Жанар Жаңабекова мен «Әділет» колледжінің оқытушысы Ләйлім Қабасева иеленді.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Қырағылық та,
күш те қажетАйнабай
МӘДИ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесіндегі мекеме басшысының кезекші көмекшісінің жұмысы аса жауапты.

№1 ауысымның басшысы, әділет капитаны Мұқан Нұғманов күнделікті жұмысы барысында ауысымдағы қызметкерлердің кәсіптік деңгейін жетілдіріп отыруға көмектеседі, заң мен тәртіпті қатар ұстай отырып қызмет атқарады. Сотталғандардың қашып кетпеуін, мұнаралар мен бейнекамералар жұмысын қадағалайды. Мұнарада отыратын оператор-бақылаушы, әділет капитаны Ернар Сәбитов мекеменің ішкі аумағына кіріп-шыққандарды қадағалайды, камераның мониторы арқылы бүкіл мекеменің аумағындағы тіршілік, қозғалысты бақылап отырады. Келеңсіз жағдайлар байқалған болса, мекеме басшысының кезекші көмекшісіне жедел хабар береді. Басшы немесе оның орынбасарлары болмаған кезде, мекемеде белгіленген ішкі тәртіпті ұстануға байланысты барлық мәселе осы кезекші көмекшінің нұсқауымен жүргізіледі. Қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес, мекеме аумағында және өндірістік нысандарға кіретін, шығатын адамдарды, сондай-ақ олардың заттарын тінту жүргізуге шешім қабылдайды.

Қызмет барысында ауысымға түскен қызметкерлер мекемеде болған оқиғаларды назарға алып, сотталғандардың ішкі күн тәртібі ережелерін сақтауын қатаң бақылап, мекеменің тыныштығына, келеңсіз оқиғаларды болдырмауға сақ қарап, заңбұзушылыққа жол бермейді. Әр кезде төтенше жағдайлар, жаппай улану, жабық мекемеде жазасын өтеп отырған сотталғандардың өлім-жітімі, апатты жағдайлар және басқа да оқиғалар орын алмас үшін ауысым қызметкерлері әрдайым кәсіби білімін жетілдіруге мән беріп, біліктілігін арттырып, сапта әрдайым сақ тұрады. Олардың бос уақытында спортпен айналысуы да маңызды. Себебі, колонияда түрлі қылмыс жасап бас бостандығынан айырылған жастар отыр. Сондықтан күзет жұмысы қырағылықпен қатар, күшті де талап етеді.

ТУРНИР



Суреттерді түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

«ALMA CUP-2023» жеңімпаздары анықталды

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда «Зенит» спорттық-эстетикалық орталығында «ALMA CUP-2023» жобасы аясында футбол турнирінің финалы, сондай-ақ жеңімпаздарды марапаттау салтанаты өтті. ALMA CUP – әртүрлі спорт түрлерінен студенттік командалар қатысатын жастар арасындағы спорт чемпионаты. Іріктеу турниріне 36 команда қатысып, оның 16-сы футбол турнирінің финалына өтті.

Іс-шараға «Қазақстан волонтерлер лигасы» қоғамдық қорының төрағасы Әріп Абзал, «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрағасы Бағдат Бекболатқызы, Pepsi Kazakhstan бренд-амбассадоры Алмаз Мержақыпов, ЖОО орындарының студенттік ректорлары мен белсенді студенттер қатысты. Футболдық турнир жеңімпаз-

дарын Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының жетекшісі Қайыржан Ермеқұлы марапаттады.

Футбол лигасының нәтижесі бойынша 1-орынды СДУ командасы жеңіп алды. Ең үздіктері марапатталып, жеңімпаздар қаржылай сыйлыққа ие болды. 3-орын алған командаға 150 мың, 2-орынға 350 мың және 1-орынға 700 мың теңге көлемінде қаржы табысталды.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны бас-талды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек-ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшір-месін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редак-ция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty-aqparat@mail.ru электрондық мекенжайы-на жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылу-шылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» га-зетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері га-зеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қала-ларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеніз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеніз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

«Ту – мемлекеттің ең қысқа жазылған конституциясы»



Айнабай
МӘДИ

Елдік пен ерліктің белгісі

Тәуелсіз еліміздің тарихына ұлттық нышанымыз Көк Туымызды желбіретіп енген ақсақалдың көзі тірісінде көп әңгімесін тыңдадық. Сондай тартымды әңгімесінің бірінде Шәкен Ондасынұлы: «Ту – мемлекеттің ең қысқа жазылған конституциясы» дегені бар-ды. Бұл сырлы сөзде терең мән бар. Ниязбековтің мыңнан астам отандық, алыс-жақын шетелдерден қатысқан сұңғылы суретшілер ішінен байқауда (конкурста) жеңіп шығып, елдік рәміз – Мемлекеттік тудың авторы атанған шағы әлі күнге есімізде. Бұл – 1992 жыл болатын.

Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Құрманғазының портреттерін салып, мүсіндеген Ш.Ондасынұлы нағыз сайыпқыран суретші, мүсінші болатын. Жауынгерлік рухты шыңдайтын «Көбік шашқан» картинасы қандай! Ана бейнесін жарқыратып жазып, Шоқан,

«Көк Тудың желбірегені, жаныма қуат береді...». Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында сағынышқа толы, жан тебіренер, рухты оятар, қазақтың қарадомалақ баласына дейін білетін әнді өзімше шырқап келе жатып, «Тау самалы» ықшамауданындағы Шәкен Ниязбеков көшесіне келіп қалғанымды білмей қалыппын. Бұрын облыс аумағына қараған бұл көше қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова атымен (қаламызда Әлия апамыздың атында көше бар) аталатын. Сөйтіп, қалаға кейіннен қосылған көшеге көрнекті суретші-сәулетшінің есімі берілген.

Абай, Мұхтар (Әуезов) портреттерін салған Шәкен Ондасынұлы – Алматы қаласы таңбасының логотип авторы. Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының монументін сомдауы – өз алдына бір төбе.

Айтпақшы, Шәкен Ниязбеков көшесі қаламыздың өр жағындағы «жоғары күрежол» аталып кеткен Жандосов көшесін киып өтеді. Айтарымыз, Ниязбеков атындағы көшенің ең болмағанда, басталар тұсына Шәкеннің мемлекеттік рәміздің авторы екендігін аңғартар такта ілінсе деген ой көкейде тұрды. Бұл құрмет, әрбірден соң, кейінгі ұрпақ үшін қажет дүние.

Мемлекеттік рәміз бұл қандай да бір мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелегендіктен сол елдің ажырағысыз атрибутының бірі саналады. Еліміздің Мемлекеттік туы, Мемлекеттік елтаңбасы мен Мемлекеттік әнұраны (гимн) – мемлекеттік рәміздер. Сондықтан рәміз құнды да қастерлі ұғым. Шұғылалы күн шуағына малынған мемлекеттік туымызда қалықтап ұшқан қыран бейнеленуі де айбынымызды асыра түседі. Көптеген елдің туы сан алуан бояулы сызбамен (штрих) белгіленген. Ал біздің мемлекеттік символымыз елден ерек. Бұл сонау Көк түрік заманынан бергі еркіндік пен бостандықты білдіреді. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын



түстес. Бұл атрибут – елдік пен ерліктің, батылдык пен өрліктің белгісі.

Құрметпен қарау қажет

Қалалық газеттің тілшілері болғандықтан шаһарды шарлап, көп нәрсеге көз жеткізіміз келетіні бар. Сондайда ғимараттарға тұрақты тігілген Мемлекеттік туға тәуліктің қараңғы мезгілінде жарық түспей қалатын жағдайды байқадық. Бұл да ескерілер жәйт. Мұндай келенсіздікке жол берілмей, әркез қаперде болуы қажет. Бекітілген Мемлекеттік ту стандартталған, десек те оның бояуы климаттық жағдайға (жауын-шашын) ескеріліп, қанық түске көшірілген-тін. Солай бола тұра, әлде де кей мемлекеттік орындарда бұл жағдай ескерілмегендей, бұрынғы ашық үлгісі тұр.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесін пайдалану (орнату, орналастыру) тәртібін ел Үкіметі айқындайды. Десек те, Мемлекеттік ту басқа да ғимаратта (үй-жайда) олардың иесінің еркімен тігілуі

мүмкін екендігі ескерілгені жөн. Мемлекеттік рәміз оның көлеміне қарамастан ұлттық стандартқа сәйкес келуге тиіс. Мемлекеттік тудың бейнесін қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар туларының геральдикалық негізі ретінде пайдалануға болмайды. Мемлекеттік нышан үлгісін іш киімге жабыстырған жағдайлар да кездесіп қалады. Осы жәйттерді ескере келе, мемлекеттік рәмізге риясыз сеніммен, құрметпен қарауды арттыру қажет. Отаншылдық осыдан бастау алады. Ал оны насихаттаудың сан алуан жолы бар.

Мемлекеттік тудың бейнесі Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларының, Ұлттық Банк банкноттары мен монеталарының элементі немесе геральдикалық негізі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Міне, осы талаптар ескеріле келе, мемлекеттік нышанның қадір-қасиетін жас ұрпақтың санасына сіңдіре беру керек. Тудың талапқа сай шағын үлгілерін көптеп шығарып, балабақшадан бастап, мектеп жасындағы балалар арасында насихаттай беру қажет.

ТҮЙІН: Есіме қазақтың талантты ақыны Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі түсті. «Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық шағындай, Бұлбұлдың даусын ести алмайсың бауларға кірсен сағынбай...» дейді ақын. Сол ыстық сағыныш пен бойдағы ұлтжандылықтан туған жыр тарихи Отанына жете алмай жүрген өзге елдердегі казак бауырлардың жүрегінің лүпіліндей естіліп, «Көк Тудың желбірегені» әні туып еді. Сөйтіп, мемлекеттік нышан ән болып та тәуелсіз еліміздің көгінде қалықтады.

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ жарқын болашақ кепілі

Алматының іргесіндегі Бесағаш елдімекенінде балаларды спортқа қызықтыру бағытында арнайы іс-шаралар өтті.

Оған белгілі спортшылар, Лондон Олимпиадасының және Азия біріншілігінің алтын жүлдегері Ақжүрек Таңатаров, Азия чемпионатының қола жүлдегері, боксшы Феруза Шарипова, т.б. қатысты.

Жиынның мақсаты – өскелең ұрпақты мығым, қуатты, ширақ болып өсуге үндеу. Сондай-ақ, жастарды спорт арқылы отаншылдық рухта тәрбиелеу.

«Іс-шара өсіп келе жатқан жас буынның бойында спортқа құмартушылықты оятуды көздейді. Осы мақсатпен қарақөздерімізді жинап кішігірім жаттығу ұйымдастырылды. Өйткені, болашақ чемпиондар осы өскелең ұрпақтың арасынан өсіп шығады. Қазақ жас-тары жігерлі, намысшыл, білімді әрі спортты жанына серік етіп өссе деген игі ниетіміз бар», – деді Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Таңатаров.

Бүгінгі жас ұрпақты смартфоннан алшақтату қиын болып тұр. Бұл қоғамның өзекті мәселесіне айналып барады. Сол себепті де, спорт осындай олқылықтардың орнын толтыратын көрінеді. Бұл туралы боксшы Феруза Шарипова айтып берді.

«Мұндай спорттық іс-шараларды ұдайы өткізу керек. Сонда ғана балаларымызды смартфонға телміруден алшақтатамыз. Әлемдік жарыстарда топ жарып жүрген аға-әпкелеріне қарап бой түзеп, үлгі-өнеге алса, нұр үстіне нұр болады», – деді ол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АЛАҚАЙ!

КІШКЕНТАЙ ДОСТАРҒА ТАРТУ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні
алматылық өрендерді қандай жарқын сәттер күтіп тұр?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Балалар мерекесін ойдағыдай өткізу үшін мегаполистің жас тұрғындарына ауқымды ойын-сауық бағдарламасы дайындалды. Онда әркім өзіне қажетті қызықты нәрсені таба алатыны сөзсіз.

Мәселен, жайдарлы жаздың алғашқы күні, яғни 1 маусымда ең белсенді, сергек және спортты сүйетін ұл-қыздар «Динамо» спорт кешенінің аумағында өтетін жыл сайынғы «РУХ-марафонына» қатыса алады.

Сондай-ақ, бұл күні қаланың аудандарында қайырымдылық акциялары жоспарланған. «Тауда Алматы» ат спорты орталығында балалар үйінің тәрбиеленушілері атқа мініп, тегін серуендейді, «виртуалды шындық» орталықтарын аралауына болады.

Түркісіб ауданында киносүйер балаларға қазақстандық «Off-line-дағы демалыс» франшизасының үшінші бөлімі көрсетіледі. Сеанс кезінде оларға тәттілер және сыйлықтар беріледі. Ал балалардың ерте бейімделу

орталығында «Жастар рухы» еріктілері аниматорлармен бірге концерттік бағдарлама ұсынып, мерекелік көңіл күй сыйлаймыз деп отыр. Қайырымдылық іс-шарасында мемлекеттік корей музыкалық комедия театрының өнерпаздары да атсалысады. Артистер кішкентай достарына интерактивті қойылым дайындап жатқан көрінеді.

Балаларға арналған мейрамнан мегаполистегі сауда және ойын-сауық орталықтары да тыс қалмақ емес. Мәселен, «Almaty mall» сауда орталығында нон-стоп режимінде тоқудан, қайта өңделген пластиктерден бұйымдар жасау бойынша шеберлік сабақтары өтеді. Ата-аналар да мерекелік іс-шаралармен қамтылмақ. Мәселен, оларға психолог-педагог Елена Андросова дәріс оқиды. «Aport Mall» сауда және ойын-сауық кешенінде де концерт ұйымдастырылады. Онда да шеберлік сабақтары өткізіліп, «мамандықтар жәрмеңкесі» ұйымдастырылмақ.

Балаларды қорғау күні «Есірткісіз әлем» байқауының қорытындысы шығарылып, есірткі құралдарын насихаттайтын және соған ықпал ететін түрлі сайттардың жазуы бар трафареттер мен граффитилерді бояп тастау акциясы өтеді.

Өскелең ұрпақтың игілігі үшін өтетін бұл іс-шаралар біздің жас достарымызға мерекелік көңіл күй сыйлайтынына сенеміз.

ҰЛТТЫҚ БАНК:
ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 478,35 теңге

\$ USD/KZT 445,68 теңге

₽ RUB/KZT 5,57 теңге

¥ CNY/KZT 63,13 теңге